

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы**

**Балалардың музыка мектептері мен музыкалық бағыттағы  
балалар өнер мектептеріне арналған үлгілік оқу бағдарламалары**

**(Домбыра, қобыз, қыл-қобыз, жетіген, сазсырнай, қазақ ұлт  
аспаптар оркестрі)**

**Астана, 2013**

**Балалардың музыка мектептері мен музыкалық бағыттағы балалар өнер мектептеріне арналған үлгілік оқу бағдарламалары Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана, 2013. – 202 бет.**

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының  
әдістемелік кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған  
(Хаттама № 2, 15.05.2013ж.)*

©Республикалық қосымша білім беру  
оқу-әдістемелік орталығы, 2013

## **Мазмұны**

### **Домбыра**

Кіріспе	7
Пәннің мазмұны	10
Негізгі бөлім	10
Пәннің тақырыптық жоспары	10
Сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер	12
Тақырыптық оқу жоспары	15
Тақырыптық оқу жоспарының мазмұны	21
Сыныптар бойынша бағдарлама талаптары	27
Бақылаудың түрлері	44
Тестілеудің тақырыптық үлгісі	44
Коллоквиумның тақырыптық үлгісі	45
Бағдарламаны іске асыру шарттары	45
Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету	45
Қорытынды	46
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	47

### **Қобыз**

Кіріспе	53
Негізгі бөлім	55
Тақырыптық оқу жоспары	58
Бағдарлама мазмұны	60
Дайындық сыныбы	60
1 сынып	61
2 сынып	64
3 сынып	67
4 сынып	69
5 сынып	72
6 сынып	74
Оқушының жеке жоспары	76
Үлгерім бақылауы	77
Емтихан және сынақтар талаптары	78
Күтілетін нәтиже	79
Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету	79
Қорытынды	82
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	83

### **Қылқобыз**

Кіріспе	86
Оқу пәнінің мазмұны	93
Негізгі бөлім	93

Пәннің тақырыптық жоспары	93
Сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер	94
Тақырыптық оқу жоспары	97
Сыныптар бойынша бағдарламалық талаптар	99
Бақылау түрлері	115
Коллоквиумға ұсынылатын тақырыптар	115
Тестілеуге ұсынылатын тақырыптар	115
Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары	116
Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету	116
Қорытынды	117
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	118

### **Сазсырнай**

Кіріспе	120
Оқу пәнінің мазмұны	127
Негізгі бөлім	127
Пәннің тақырыптық жоспары	127
Сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер	128
Тақырыптық оқу жоспары	131
Сыныптар бойынша бағдарламалық талаптар	133
Бақылау түрлері	152
Коллоквиумға ұсынылатын тақырыптар	152
Тестілеуге ұсынылатын тақырыптар	153
Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары	153
Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету	153
Қорытынды	154
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	155

### **Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі**

Кіріспе	157
Пәннің мазмұны	160
Пәнді оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулар	162
Пәннің тақырыптық жоспары	173
Сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер	178
Бақылау формасы	180
Коллоквиум тақырыбының жобасы	180
Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары	181
Қорытынды	182
Репертуарлар тізімі	183
Пайданылған әдебиеттер	188

## Жетіген

Кіріспе	192
Шәкірттің жеке оқу жоспары	194
Мамандық класы сабағы	195
Нотаны бірден оқып, ойнау	195
Шәкірттің көпшілік алдында өнер көрсетуі	195
I – сынып	196
II - сынып	197
III – сынып	199
Пайданылған әдебиеттер	202

# «Домбыра»

**Құрастырғандар:** Ұлтарахова Г.Е. – Қазақ Ұлттық Өнер университетінің колледж және мектеп оқытушысы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Республикасы мәдениет қайраткері (Астана қаласы); Құрұмбаева Г.Ж. – № 12 балалар музыка мектебінің оқытушысы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Б.Алтынсарин атындағы медаль иегері (Алматы қаласы).

**Пікір жазған:** Ысқақов Б.А. – Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның оқытушысы, профессор (Алматы қаласы).

Үлгілік оқу бағдарламасы Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді.

«Домбыра» балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған үлгілік оқу бағдарламасына (оқыту мерзімі 5-7 жыл) қосымша білім беру ұйымдарының ерекшелігін ескере отырып, толықтырулар мен өзгертулер енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

## Кіріспе

Еліміздің егемендік алғанына жиырма жыл толды. Балалар музыка мектептерінің соңғы бағдарламасының жасалғанына да жиырма бес жылдай уақыт өтті. Елімізде болып жатқан ғылымдағы, білімдегі көптеген өзгерістер мен жаңалықтарға байланысты оқу жүйесін, оның бағдарламасын уақыт талабына сай жаңартып отыру, заманына лайық музыкант оқушыларды дайындау басты мәселе болып есептеледі. Қазір елімізде барлық салаларда, әсіресе білім және ғылым салаларында жаһандану жүйесі өтуде. Осыған байланысты мәдениет және өнер салаларында да қаншама өзгерістер болып жатыр (*модернизация, инновация, т.б.*). Модернизациялау жүйесінің негізгі мақсаты жастардың интеллектуалды және бәсекеге қабілетті болып тәрбиеленуі, ал Қазақстан құндылықтарына еңбек адамы және еңбек адамының инновациялық ой-өрістері мен көзқарастарының дамуы жатады. Елімізде болып жатқан жаңа концепциялар жеке адамның білімінің, іс-әрекеттерінің, мүмкіндіктерінің дамуын көрсетеді. Балаларға қосымша білім беру жүйесінде де жеке тұлғаның мүддесі үшін түрлі педагогикалық бастамалар іске асырылып, білім беру ұйымдарының желісі ұлғаюда. Сондықтан жаңа буын оқу бағдарламасы бүгінде ауадай қажет. Дәстүрлі өнерімізге деген көзқарастар түбегейлі өзгеріп, тамыры тереңдей түсуде. Осындай болып жатқан маңызды жетістіктерден балалар музыка мектебінің оқушылары да сырт қалмауы керек.

Бұл бағдарламаның қазіргі заман орындаушыларына қойылатын талаптары, қазақ күй өнерін және олардың түрлі күй мектептерін, орындаушылық шеберлік негіздерін, дәстүрлі орындаушылық машықтары мен бағыттарын меңгеріп, дәстүрлі қалпын сақтай отырып тартатын, жас орындаушылар дайындауға бағытталған. Кеңес дәуірінде жазылған бағдарламаларда көбіне орындау шеберлігін шыңдау сынақтарында, емтихандарда домбыраның ерекшеліктері (негізгі репертуары күйлер екені) ескерілмей, скрипка, фортепиано және т.б. аспаптарға қойылған талаптар сияқты гаммалар, этюдтер, шетел шығармаларына баса көңіл бөлінген болатын. Ал мына бағдарламада осы кемшіліктер ескеріле отырып, жас орындаушыларды күйге баулу мақсатында, шеберлікті шыңдау сынақтарында этюдтер мен гаммалардың орнына дәстүрлі мектептердің күйлері және коллоквиум енгізіліп отыр.

Гаммалар мен этюдтерді мұғалім сыныпта ойнатып, оқушыға үйге өзіндік жұмыс ретінде беруге болады, ал сынаққа көбінесе оркестрлерде, фольклорлық ансамбльдерде, концерттерде, конкурстарда ойналатын шеберлік мүмкіндіктері күрделі күйлерді алып шығулары керек. Мысалы, Құрманғазы – Балбырауын, Адай; Тәттімбет – Сылқылдақ, Былқылдақ, Қосбасарлар; Түркеш – Көңіл ашар; Сүгір – Бозінген,

Бесжорға; Қазанғап – Қиту, киту, қайт, қайт, Бозжорғаның бөгелек қағуы; Дәулеткерей – Құдаша, Қосалқа I, II түрлері; Махамбет – Жұмыр Қылыш; Есір – Ақжарма; Раздық – Аңшының зары; И. Исқақов – Күрішшілер биі; А. Жайымов – Шалқыма және т.б.

Сонымен қатар бұрынғы бағдарламада күйлер мен әндер бірінші сыныптан бастап бөліп-бөліп буындап жеңілдетіп берілсе, бұл бағдарламада күйлер де, әндер де көлеміне қарай толық берілген. Бес жылдық музыка мектептерінде көбіне оқушылар тек өздері үшін ғана қызығушылықпен оқиды, әрі қарай жалғастыратындары көп емес, сондықтан оқып жүрген кездерінде ол оқушылардың күй қоры аса көп болмайды. Кейбір оқушылар тіпті екі-үш мектептің күйлерін орындаумен ғана шектеледі. Көптеген дәстүрлі орындаушылық күй мектептерінің бар екендігінен бейхабар болуы да мүмкін. Сондықтан барлық күй мектептерін аз мөлшерде болса да білуге талпынғандары жөн. Бұл жерде күйлерді рет-ретімен орындатып, бағыт беріп отыру үшін ұстаздың кеңесі қажет. Негізінде күй қорының жан-жақты болуы оқушылардың біліктілігін арттырады. Халық композиторлары мен қазақстандық композиторлардың әр түрлі антологиялық жазбалары, дәстүрлі орындаушылардың үн таспа, бейне таспалары (Күй керуені, Мәңгілік сарын, Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі, Қазақтың дәстүрлі 1000 әні т.б.) әр оқушының өз қолында болса, орындаушылық шеберліктерін жетілдіруде үлкен көмек болары сөзсіз.

Тағы бір айта кететін жағдай, кейбір бала нақты бір өңірдің күйлерін орындауды ұнатады (аталарының, әке-шешелерінің күй тартатындары, ән айтатындары бар, дәстүр қуған бала), осыны ескере отырып сол бағытта көбірек күйлер беріп, ынтасын жігерлендіре, қолдай түскен абзал, ертең ол оқушыдан жақсы орындаушы, дәстүрлі күйлерді халық арасында насихаттаушы, зерттеуші шығуы мүмкін. Қазір көптеген музыка мектептерінде дәстүрлі ән сыныптары да ашылуда, кішкентайынан дәстүрлі әнге баулып өнер ортасында тәрбиелеу өте құптарлық жағдай. Оқуға қабылдау кезінде әнді жақсы айтатын балаларды алуға тырысу керек (ондай балалар қай аспапта болса да мықты орындаушы болып шығады, ең жақсы орындаудың белгісі ол адамның даусына ұқсатып орындау болып есептеледі). Өйткені олардың өнерге деген сезімталдығы, өнерді қабылдауы, естуі, жоғары деңгейде болады.

Музыкалық қосымша білім беру бағдарламасы балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің құрылымын, міндетін, мазмұнын, мақсатын, анықтайды. Музыка мектебіне балалар өз еркімен келіп оқуға тиісті, ешқандай міндеттеп, қинап оқытуға болмайды, мектепке балалардың өз еркімен келіп оқуы олардың өнерге деген көзқарасын тұрақтандырып қызығушылықтарын оятады.



**Бағдарламаның өзектілігі** – оқу барысында бағдарлама музыкалық қабілеттерін (есту, еске сақтау, ырғақ), логикалық және жаңашыл креативтік ойлау қабілеттерін дамытуға, модульдік жүйелерді тездетуге мүмкіндік береді.

**Жаңашылдығы** – дәстүрлі күй мектептеріне баса көңіл бөлінгендігі және балалардың музыкалық қабілеттерінің әр түрлі болып келетіндіктеріне байланысты бағдарлама әрбір сыныпқа үш деңгейде жасалынғандығы.

**I деңгей** – орташа музыкалық қабілеті бар оқушыларға (олар музыканы әуесқойлықпен, өзі үшін үйренгісі келетіндер).

**II деңгей** – жақсы музыкалық қабілеті бар оқушыларға (академиялық әуесқойлықпен өзі үшін үйренетіндерге).

**III деңгей** – музыкалық қабілеті өте жақсы дарынды оқушыларға және кәсіби музыкалық білімін жалғастыратындар үшін.

Сонымен қатар оқушылар бұл бағдарламада әр мектептің күйлерін жеткізушілер мен орындаушыларды, күйлердің аңыздары мен тарихын баяндап отырып орындауды, күйлерді талдауды, пернелер мен оң қол қағыстарының дәстүрлі атауларын жалпылай болсада біліп шығады.

**Ерекшелігі** – бұл бағдарлама бойынша білім алған музыка мектептерінің оқушылары әрі қарай арнайы музыка мектептері мен колледждерге арналған бағдарламаларды еркін меңгерулері мүмкін. Қазір барлық музыка мектептерінде консерватория немесе музыка академиясын бітіргендер, оның магистратураларын тәмәмдағандар, кей жерлерде өнер ғылым кандидаттары мен профессорлар да (қосымша) жұмыс жасайды. Осындай бағдарламаларды (барлық дәстүрлі мектептердің күйлерін аздап болса да меңгеру, көбінесе бір-екі мектептің күйлері басымдау орындалып, кейбір мектептің күйлері тіпті қаралмайды да) дұрыс меңгерулеріне, бүгінгі күннің талабына сай білікті ұстаздардың жұмыс жасауы, оқушылардың ой-өрістерінің жан-жақты өсіп жетілулеріне және дамуына ықпал етері сөзсіз.

Ұстаздар жас күйші, домбырашыларды дайындағанда олардың бойларына адамгершілік, ізеттілік, тиянақтылық, алғырлық, еңбекқорлық қасиеттерін сіңіргені дұрыс. Патриоттық тәрбие беруге бағыттау үшін оқушыларды дәстүрлі орындаушылық өнерді тұрақты дамыта білуге, жерін, елін, Отанын сүйуге үнемі баулып отыру қажет. Осы қасиеттер табиғи талантпен ұштасса ғана жан-жақты, білімді, заманына лайықты азамат болып шығады.

## **Пәннің мазмұны**

**Мақсаты:** оқу үрдісі барысында домбыра арқылы жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін ашып, әрі оны жетілдіріп, ұлттық мәдени-рухани әлемінде қазақтың дәстүрлі орындаушылық өнерінің маңызын түсіндіре отырып, домбыра аспабын меңгеруді үйрету.

### **Міндеттері:**

- балаларға музыкалық-эстетикалық білім беріп, оларды музыканың мәдениетті тыңдармандары ретінде тәрбиелеу;
- домбыра ойнаудағы негізгі орындау тәсілдеріне үйрету;
- оларды дәстүрлі күй өнеріне баулу;
- пәнді өту арқылы әрбір күй мектептерінің орындаушылық негіздерімен, күйлерінің тарихымен, аңыз әңгімелерімен және біздің заманға жеткізушілердің орындау үлгілерімен таныстыру;
- музыкалық сауаттарын ашып, есту, еске сақтау және ырғақты сезінуін қалыптастыру, музыка тілін оларға өте жақын және түсінікті ету;
- аспапта ойнауды еркін меңгеріп, сауатты, жан-жақты, ұлттық өнерімізді қастерлей, қадірлей білетін азаматтарды дайындауға ұйтқы болу;
- оқу барысында, барынша, балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашып, оны жетілдіру;
- патриоттық сезімі жоғары, рухани және кәсіби орындаушылық жағынан биік деңгейдегі тұлғаны қалыптастыру ;
- олардың әлемдік және отандық мәдениетпен кірігуі үшін жағдай жасау;
- таланттарға қолдау көрсету және дамыту;
- ерте жастан кәсіби орындаушылық жолға бағыттау.

## **Негізгі бөлім**

### **Пәннің тақырыптық жоспары**

**I бөлім. Домбыра мәдениетінің қалыптасуы.**

**Тақырып 1.1** Музыкалық сауат.

**Тақырып 1.2** Домбыра өнеріндегі негізгі дағдыларды қалыптастыру.

**II бөлім. Орындаушылық дағдыларды қалыптастыру.**

**Тақырып 2.1** Шеберлік және көркемдік дағдыларды дамыту.

**Тақырып 2.2** Дәстүрлі қағыстардың ерекшеліктерін меңгеру.

**Тақырып 2.3** Күйлердің аймақаралық саусақ кестелерінің айырмашылықтарын білу.

**Тақырып 2.4** Мазмұны және көлемі жағынан күрделі күйлер мен шығармаларды орындау.

### **III бөлім. Музыкалық терминдердің негіздері.**

**Тақырып 3.1** Динамикалық белгілер (p, pp, mp, f, ff, mf т.б.).

**Тақырып 3.2** Екпіндер (жай екпін, өте жай, жылдам, жылдамырақ екпіндер, тез, өте тез екпіндер т.б.).

**Тақырып 3.4.** Мелизмдер( форшлаг, мордент, группеттолар).

### **IV бөлім. Домбырашы оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамыту.**

**Тақырып 4.1** Есту, есте сақтау,ырғақтық қабілеттерін дамыту.

**Тақырып 4.2** Көркемдік ойлау қабілеттерін дамыту.

**Тақырып 4.3** Оқушылардың өзбетімен жұмыс жасау амалдарын (күйлермен, шығармалармен) жолға қою.

**Тақырып 4.5** Сахна мәдениетіне дайындау (емтихандар, сынақтар, концерттер, фестивальдар, конкурстар).

### **V бөлім. Шығармашылық дағдыларды дамыту.**

**Тақырып 5.1** Нотадан қарап оқу дағдысын дамыту.

**Тақырып 5.2** Есту қабілеті арқылы әуендер, күйлер орындау шеберлігін қалыптастыру.

**Тақырып 5.3** Көп дауысты әуендерді есту амалдарын меңгеру.

**Тақырып 5.4** Транспозиция (орын ауыстыру) дағдыларын меңгеру.

### **VI бөлім. Кәсіби орындаушылықтың жоғары деңгейін қалыптастыру.**

*(оқуын кәсіби жалғастыратын 5, 6, 7-сынып оқушыларына)*

**Тақырып 6.1** Музыкалық шығармалардың негізгі құрылымдарын қалыптастыру, заңдылықтарын меңгеру.

**Тақырып 6.2** Дәстүрлі орындаушылық күй мектептерінің ерекшеліктері мен машықтарын (стиль) сақтай отырып орындау.

**Тақырып 6.3** Суырып салмалық (импровизатор) өнерін дамыту.

**Тақырып 6.4** Оң қолдың шынтағын көтеру арқылы (педализация) дыбыс шығару әдістерін қалыптастыру.

**Тақырып 6.5** Сол қол саусақ кестелерін қалыптастыру, тербеліс шығару әдістерін дамыту.

**Тақырып 6.6** Орындаушылықтың шеберлік және көркемдік деңгейлерін жетілдіру.

## Сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер:

### 1-сынып

*(оқытушы бағдарламаны барлық сыныптарға баланың қабілетіне қарай таңдап беріп отырады)*

#### **I деңгей.**

Домбыра аспабымен танысу. Аспаптың құрылысы. Нота әліппесі. Аспапқа оң қол сол қолдарын қою. Қарапайым қара қағыстарды үйрету: ПППП, VVVV, ПVPV, ПPVV және т.б. Дыбыс шығару әдістері. Дыбыстың сапасы. Динамикалық белгілері. Көлемі жағынан кішкентай, әрі жеңіл халық күйлері мен халық әндерін орындау.

#### **II деңгей.**

Аспаппен таныстыру. Қолдарын қою. Музыкалық сауат. Музыкалық есту, есте сақтау, ырғақтық қабілеттерін дамыту. Домбыраның құлақ күйін келтіруді үйрету. Қара қағыстарды үйрету: ПППП, VVVV, ПVPV, ПPVV және т.б. Дыбыс шығару әдістері, дыбыстың сапасы, динамикалық белгілері. Жеңіл. халық ән- күйлерін орындау және олардың құрылымын, фразаларын анықтау.

#### **III деңгей.**

Аспаппен таныстыру. Қолдарын қою. Музыкалық сауаттың негіздерін меңгеру. Домбыраның құлақ күйін келтіруді үйрету, оң бұрау, теріс бұрауларды меңгеру. Қара қағыстарды үйрету: ПППП, VVVV, ПPVV, ПVPV және т.б. Оң қол мен сол қолдарды қосып ойнау. Сол қолдың білек буыны көтеріліп кетпеуі үшін басында теріс бұраудағы кішкентай халық күйлерін орындату (халық күйлері Кербез қыз, Сал торы, Беласар, Арман және т.б.). Жеңіл халық ән-күйлерін орындау және олардың құрылымын, фразаларын анықтау Жыл бойы 5-6 халық әндерін, 3-4 халық күйлерін орындау.

### 2-сынып

#### **I деңгей.**

Дәстүрлі күй мектептерімен танысу (жалпы шолу, мүмкіндігіне қарай біртіндеп меңгеру). Дәстүрлі қағыстарды жалғастыру. Штрихтармен танысу. Позиция туралы түсінік, позициядан позицияға өту. Ойналатын шығармалардың құрылымын, фразаларын анықтау.

#### **II деңгей.**

Дәстүрлі орындаушылық күй мектептерімен жалпы танысу. Төкпе және шертпе күй негіздерін біртіндеп меңгеру. Дәстүрлі қағыстарды жалғастыру. Нотаны парақтан оқу. Штрихтармен танысу. Пиццикато, қос ішектегі тремоло қағыстарын үйрену. Позиция туралы түсінік. Позициядан позицияға өту. Ойналатын шығармалардың құрылымын, фразаларын анықтау.

### **III деңгей.**

Дәстүрлі қағыстарды жалғастыру (қара қағыс, түйдек қағыс, ілме қағыс және т.б.). Алғашқы музыкалық дағдыларды меңгеру: ойлау қабілеті, есту қабілеті арқылы шығармаларды орындағанда дыбыс тазалығын, дыбыс сапасын, ырғағын қадағалап отыруға дағдылану. Штрихтармен танысу. Пиццикато, қос ішектегі тремоло қағыстарын үйрену Позиция туралы түсінік. Нотаны парақтан оқу. Дәстүрлі орындаушылық күй мектептерінің күйлерін біртіндеп орындау. Төкпе және шертпе күй дәстүрлеріне баулу (Батыс Қазақстан, Арқа орындаушылық мектептерінің күйлері). Ойналатын шығармалардың құрылымын, фразаларын анықтау. Жыл бойы 4-5 халық әндері мен шығармалар, дәстүрлі мектептерден 6-7 күй орындау.

## **3-сынып**

### **I деңгей.**

Қағыс түрлерін үйренуді жалғастыру. Музыкадағы әр түрлі екпіндерді білу. Шығармалардың құрылымдарын, фразаларын анықтау. Нотаны парақтан оқу, нотаны өздігінен талдау және орындаушылық дағдыларын меңгеру. Шертпе қағыстар, ішектен ішекке ауысу әдістері. Форшлаг, акцент, динамикалық белгілер, сол қолдағы дыбыс тербелісі.

### **II деңгей.**

Қағыс түрлерін үйренуді жалғастыру. Музыкадағы әр түрлі екпіндерді білу. Шығармалардың құрылымдарын, фразаларын анықтау. Шертпе қағыстар, ішектен-ішекке ауысу әдістері. Форшлаг, акцент, динамикалық белгілер, сол қолдағы дыбыс тербелісі. Арпеджио қағысы (оң қолмен төмен қарай тізбектеп қағу). Нотаны өздігінен талдау, нотадан қарап оқу. Шығарманы орындамас бұрын жалпы текстке көз жүгіртіп талдау (тональдік, өлшем, ырғақ, қағыстар динамикалық белгілер). Орындаушылық дағдыларды меңгеру. Күйлердің машықтарының және жанрларының ерекшеліктерін білу. Өздігінен теріп отырып әндер шығару, оларды транспозициялау әдістерін меңгере білу.

### **III деңгей.**

Қағыс түрлерін үйренуді жалғастыру. Музыкадағы әр түрлі екпіндерді білу. Шығармалардың құрылымдарын, фразаларын білу. Шертпе қағыстар, ішектен ішекке ауысу әдістері. Форшлаг, акцент, динамикалық белгілер, сол қолдағы дыбыс тербелту әдісі. Арпеджио қағысы (оң қолмен төмен қарай тізбектеп қағу). Нотадан қарап оқу. Оң қол және сол қол саусақтарының белгіленулері. Пернелердің дәстүрлі атауларын білу. Композициялық буындарды меңгеру. Сол қол саусақтарының шеберлігін және дыбыс тербелісін (вибрация) дамыту. Өздігінен теріп отырып әндер шығару, оларды транспозициялау әдістерін меңгере білу. Халық және қазіргі заман композиторларының күйлерін, Қазақстан және шетел композиторларының шығармаларын орындау (барлық

сыныптарға арналады). Жыл бойы 5-6 шығарма, дәстүрлі мектептерден 7-8 күй орындау.

#### **4-сынып**

##### **I деңгей.**

Күйлерді орындау кезінде оқушы өзін бақылап отыруға үйрену. Дәстүрлі күй мектептеріндегі саусақ кестелерінің ерекшеліктерін және айырмашылықтарын білу Форшлаг, мордент, группетто, глиссандо, партаменто, транспозиция амалдарын меңгеру.

##### **II деңгей.**

Оқушы орындаушылық шеберліктерін шыңдау барысында күйлерді орындағанда өзін бақылап отыруға дағдыландыру, күйлердің қағыстарын, саусақтарының басылымдарын, дыбыс бояуларын, дыбыстың қатыңқы немесе жұмсақ шығуларын, тербелісін (вibrато) және т.б. қадағалау. Форшлаг, мордент, группетто, глиссандо, партаменто, транспозиция амалдарын меңгеру.

##### **III деңгей.**

Музыкалық бейнелік ойлау машығын дамыту. Күйлерді орындағанда қай өңірдің күйі екенін, оның айырмашылығы мен ерекшеліктерін ажырата білу. Күйлердің шығу тарихы мен аңыздарын білу Форшлаг, мордент, группетто, глиссандо, партаменто, транспозиция амалдарын меңгеру. Жыл бойы 5-6 Қазақстан және шетел композиторларының шығармаларын орындау. Дәстүрлі мектептерден 9-10 күй орындау.

#### **5-сынып**

##### **I деңгей.**

Саусақ кестелерінің ерекшеліктерін меңгере түсу. Композитордың ойын, мәнерін түсініп орындау. Педализация дағдысын меңгеру. Ансамбльдік орындаушылыққа үйрену. Табиғи және жасанды фложелеттер мен трель әдістерін, штрихтар мен мелизмдерді (қосымша көркемдеу, әдемілеу) транспозиция амалдарын меңгеру.

##### **II деңгей.**

Саусақ кестелерінің ерекшеліктерін меңгере түсу. Композитордың ойын, мәнерін түсініп орындау. Педализация дағдысын меңгеру. Ансамбльдік орындаушылыққа үйрену. Күйлердің аңыздарын, тарихын айта отырып орындау.

Табиғи және жасанды фложелеттер мен трель әдістерін, штрихтар мен мелизмдерді (қосымша көркемдеу, әдемілеу) меңгеру.

##### **III деңгей.**

Барлық мектептің күйлерінен қор жинау. Күрделі күйлерден орындау. Күйлердің машықтарын, жанрларын ажыратып орындау. Оқушылардың жоғарғы орындаушылық деңгейін қалыптастыру. Күрделі күйлерді

жалғастыру. Табиғи және жасанды фложелеттер мен трель әдістерін, штрихтар мен мелизмдерді (қосымша көркемдеу, әдемілеу) меңгеру.

. Жыл бойы 5-6 Қазақстан және шетел композиторларының шығармаларын орындау. Әр дәстүрлі мектептен 10-11 күй орындау. Емтиханда әр орындаушылық мектептен 4 күй, Қазақстан немесе шетел шығармаларынан 2 шығарма орындау

### 6-7 сыныптар

#### III деңгей.

Музыкалық терминдерді білу. Шығармаларды өздігінен біліктілікпен талдау. Орындайтын шығармаларына гармониялық және орындаушылық талдау жасап үйрену. Оқушыларды сахнаға халық алдына шығаруға және сахналық ұстамдылыққа тәрбиелеу. Музыкалық колледждерге және арнайы мектептерге түсетін оқушылар үшін арнайы бағдарлама жасау. Жыл бойы 5-6 Қазақстан және шетел композиторларының шығармаларын орындау, 11-12 күй дәстүрлі мектептерден орындау. Емтиханда әр орындаушылық мектептен 4 күй, Қазақстан немесе шетел шығармаларынан 2 шығарма орындау.

### Тақырыптық оқу жоспары

Бір жылда балалар музыка мектебінде әр сыныпқа 68 сағаттан беріледі. Оқушыларға жан-жақты сапалы білім беру және деңгейі жоғары орындаушы дайындау үшін ұстаздар өз әдістемелерінің үлгісін үнемі жаңартып, өзгертіп отырулары қажет. Сабақты оқушының жасына, музыкалық қабілетіне, ойлау, үйрену ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырған жөн.

1-сынып				
	Тақырыптар атауы	Сағаттар саны	теория	практика
	<b>I бөлім. Оқушыны аспаппен таныстыру.</b> <b>1.1 тақырып.</b> Оқушыны аспаппен, аспаптың шығу тарихымен, құрылысы, бөлшектері және бұрауларымен таныстыру. Оқушының оң қол, сол қолдарын аспапқа дұрыс қою.	11	1	10
	Нота әліппесі, ноталық сауат. Аспаптың бойындағы ноталарды игеру. Ең қарапайым жаттығулар. Дәстүрлі қағыстар (қара қағыстар ПППП, VVVV, ПVPV, ППVV,	11	1	10

	түйдек қағыстар ПВП VV және т.б.).			
	<b>1.2 тақырып.</b> Орындауға жеңіл халық әндері мен халық күйлері. Оларды бірте-бірте сатылап үйретіп, күрделендіре беру.	10	1	9
	<b>II бөлім. Дәстүрлі күй мектептері.</b> <b>1.1 тақырып.</b> Дәстүрлі күй мектептерімен таныстыру. Төкпе және шертпе күй негіздері (жалпы шолу, орындау). Аспаптың композициялық буындарын толық меңгеру.	10	1	9
	<b>1.2 тақырып.</b> Домбыраға арнайы жазылған өңделген қазақстандық композиторлардың және лайықтап түсірілген шетел композиторларының шығармалары (барлық сыныптарға жүктеледі).	6	1	5
	<b>III бөлім. Дәстүрлі күй мектептерін жеке-жеке меңгеру.</b> <b>1.1 тақырып.</b> Құрманғазы орындаушылық күй мектебі (жеңіл күйлерінен).	10	1	9
	Тәттімбет және Арқа орындаушылық күй мектебі (жеңіл күйлерінен)	10	1	9
	<b>Барлық сағат саны:</b>	<b>68 сағат</b>	<b>7</b>	<b>61</b>

<b>2-сынып</b>				
	<b>Тақырыптар атауы</b>	<b>Сағаттар саны</b>	<b>теория</b>	<b>практика</b>
	<b>1.2 тақырып.</b> Дәулеткерей орындаушылық күй мектебі (жеңіл күйлерінен).	9	1	8
	Қазанғап орындаушылық күй мектебі (жеңіл күйлерінен).	9	1	8
	<b>1.3 тақырып.</b> Абыл орындаушылық күй мектебі	9	1	8



	(күйлері орындауға күрделі болғандықтан басқа мектептің күйлерінен де орындата беруге болады).			
	Адай орындаушылық күй мектебі (күйлері орындауға күрделі болғандықтан басқа мектептің күйлерінен де орындата беруге болады).	9	1	8
	<b>1.4 тақырып.</b> Байсерке: Жетісу орындаушылық күй мектебі.	8	1	7
	Қаратау орындаушылық күй мектебі (жеңіл күйлерінен)..	8	1	7
	<b>1.5 тақырып.</b> Сыр өңірінің күйшілік мектебі.	8	1	7
	Алтай-Тарбағатай өңірінің күйлерін орындау.	8	1	7
	<b>Барлық сағат саны:</b>	<b>68 сағат</b>	8	60

<b>3-сынып</b>				
	<b>Тақырыптар атауы</b>	<b>Сағаттар саны</b>	<b>теория</b>	<b>практика</b>
1	<b>IV бөлім. Аңыз, тартыс, тізбекті немесе жанрлы күйлер.</b> <b>1.1 тақырып.</b> Аңыз күйлер (күйлердің аңыздарын әңгімелей отырып орындау).	8	2	6
2	<b>1.2 тақырып.</b> Тартыс күйлер.	7	1	6
3	<b>1.3 тақырып.</b> Тізбекті немесе жанрлы күйлер.	7	1	6
4	<b>V бөлім. Күй өнеріндегі қалыптасқан дәстүрлі теориялық ұғымдар.</b> <b>1.1 тақырып.</b> Пернелердің және оң қол қағыстарының дәстүрлі атауларын біле отырып күйлерді орындау.	10	1	9
5	<b>1.2 тақырып.</b> Оң қол және сол қол саусақтарының белгіленуі. Сол қол саусақтарының аймақаралық ерекшеліктерін	9	1	8

	сақтай отырып, әр түрлі мектептердің күйлерінен орындау.			
6	<b>1.3 тақырып.</b> Барлық дәстүрлі күй мектептерінің орындау тәсілдерін, ерекшеліктері мен айырмашылықтарын біле отырып орындау.	9	2	7
7	<b>1.4 тақырып.</b> Мәңгілік сарын, Күй керуені, қазақтың дәстүрлі 1000 күйі атты антологияларды және басқа да таңдамалы жеке орындаушылардың үн таспаларын, бейне таспаларын үнемі тыңдау, қолдан үйренуді, дискілерден естіп үйренуді қалыптастыру (міндетті түрде барлық сыныптарға жүктеледі).	9	1	7
8	<b>1.5 тақырып.</b> Күй орындау тәсілдерін дамыту, күрделі қағыстар мен орындау әдіс амалдарын меңгеру.	9	1	8
9	<b>Барлық сағат саны:</b>	<b>68 сағат</b>	10	58

<b>4-сынып</b>				
	<b>Тақырыптар атауы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>теория</b>	<b>практика</b>
	<b>VI бөлім. Ұлы күйшілердің өнерінің жалғастығы</b>	9	1	8
	<b>1.1 тақырып.</b> Махамбеттің күйлерінен орындау.			
	<b>1.2 тақырып.</b> Дина күйлерін орындау. Динаның күй тарту өнеріне қосқан үлесі.	9	1	8
	<b>1.3 тақырып.</b> Сейтектің күйлерін орындау, күйлерінің орындалу ерекшеліктері.	8	1	7
	<b>1.4 тақырып.</b> Қазіргі заман композиторларының күйлері. Конкурстық және концерттік бағдарламалар дайындау. Барлық сыныптың оқушыларын	8	1	7

	қабілеттеріне қарай қалалық, республикалық, халықаралық, фестивальдар мен конкурстарға қатыстыру.			
	<b>VII бөлім. Барлық өңірдің күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы мәліметтер</b> <b>1.1 тақырып.</b> Батыс Қазақстан өңірі: Құрманғазы күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы мәліметтерді білу, күйлерін орындау.	9	2	7
	<b>1.2 тақырып.</b> Дәулеткерей күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы мәліметтерді білу, күйлерін орындау.	9	2	7
	<b>1.3 тақырып.</b> Қазанғап күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы жалпы мәліметті білу, күйлерін орындау.	8	2	6
	<b>1.4 тақырып.</b> Маңғыстау өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы мәліметтер білу, күйлерін орындау.	8	2	6
	<b>Барлық сағат саны:</b>	<b>68 сағат</b>	12	56

<b>5-сынып</b>				
	<b>Тақырыптар атауы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>теория</b>	<b>практика</b>
	<b>1.5 тақырып.</b> Арқа өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушыларды білу, күйлерін орындау. Тәттімбет орындаушылық күй мектебі.	8	2	6
	<b>1.6 тақырып.</b> Жетісу өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушыларды білу, күйлерін орындау.	8	2	6

	Қаратау өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушыларды білу, күйлерін орындау.	8	2	6
	<b>1.7 тақырып.</b> Сыр өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы жалпы мәлімет білу, күйлерін орындау.	8	2	6
	Алтай Тарбағатай өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушыларды білу, күйлерін орындау. Барлық орындаушылық күй мектептерінен қор жинау. Орындаушылық тәжірибе алу.	8	2	6
	<b>VIII бөлім. Орындаушылық шеберлігін жетілдіру. 1.1 тақырып.</b> Күйшілік мектептердің аймақтық, құрылымдық және орындаушылық ерекшеліктерін ескере отырып орындау барысында ойнау шеберлігін, көркемдік мазмұнын аша түсу.	9	1	8
	<b>1.2 тақырып.</b> Шеберлік мүмкіндіктері қиын, көлемі жағынан және мазмұны жағынан күрделі күйлерді орындау. Мемлекеттік емтиханға дайындық.	9	1	8
	Қорытынды емтихан. Әр тоқсан сайын бағдарламаны сахналарға шығарып тыңдап отыру.	10	1	9
	<b>Барлық сағат саны:</b>	<b>68 сағат</b>	13	55
<b>6-7 сыныптар</b>				
	<b>Тақырыптар атауы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>теория</b>	<b>практика</b>
	<b>1.3 тақырып.</b> Күй өнеріндегі дыбыс, тербеліс, интонация және сахна мәдениетін қалыптастыру.	12	2	10
	<b>1.4 тақырып.</b> Барлық күй мектептерінің орындаушылық	17	2	15

	мәнерін қатаң сақтай отырып орындау.			
	<b>1.5 тақырып.</b> Барлық орындаушылық күй мектептерінен қор жинау. Орындаушылық тәжірибе жинау.	17	2	15
	<b>1.6 тақырып.</b> Барлық алған білімін қорытындылау. Мемлекеттік емтихан.	22	2	20
	<b>Барлық сағат саны:</b>	<b>68 сағат</b>	8	60

## Тақырыптық оқу жоспарының мазмұны

### 1-сынып

#### I бөлім. Оқушыны аспаппен таныстыру.

**1.1 тақырып.** Аспаптың шығу тарихы, түрлері, құрылысы, бөлшектері, және бұраулары.

Аспаптың шығу тарихын білу. Домбыраның түрлері (Батыс Қазақстандық, Шығыс Қазақстандық). Домбыра құрылысы негізгі үш бөлімнен тұрады. Шанағы, мойыны, алақаны. Домбыраның бұраулары (оң бұрау, теріс бұрау, қалыс бұрау, шалыс және тел бұраулар).

Оқушының оң және сол қолдарын аспапқа дұрыс қою. Оқушының әрі қарай күйші ретінде, орындаушы ретінде қалыптасуына, оқу барысындағы осы кезеңнің маңызы өте зор. Дәстүрлі қағыстарды меңгеру. Күйдің мағынасын түсіндіруде қағыстар ерекше орын алады. Алғаш оқушыларға қара қағыстарды қақтырған дұрыс, мысалы (ПППП, VVVV, ПVIV, ППVV, ПVVV, ПVPP, VVPP және т.б.). Қағыстарды игеру үшін әр түрлі қарапайым жаттығуларды орындау.

**1.2 тақырып.** Орындауға жеңіл халық әндері мен халық күйлері: Халық әндері – Еркем ай, Қоғалы ай, Маусымжан, Гүлдерайым, Бипыл және т.б. Халық күйлері – Салторы, Кербез қыз, Арман, Кеңес және т.б. Ең қарапайым кішкентай әндер мен күйлерді сатылай үйретіп, оларды бірте-бірте күрделендіре түсу керек.

**II бөлім. Дәстүрлі күй мектептері. Композициялық буындарды меңгеру.**

**1.1 тақырып.** Төкпе және шертпе күй негіздері (жалпы шолу). Батыс Қазақстан және Маңғыстау, Арқа, Жетісу, Қаратау, Сыр, Алтай Тарбағатай өңірлерінің күй мектептерімен жалпы танысу, жеңіл күйлерінен орындау.

Аспаптың композициялық буындарын меңгеру (бас буын, орта буын, кіші саға, үлкен саға ).

**1.2 тақырып.** Домбыраға арнайы жазылған өңделген қазақстандық композиторлардың және лайықтап түсірілген шетел композиторларының шығармалары (барлық сыныптарға қойылатын талап). Қазақстан композиторлары А. Жұбанов, Х. Тастанов, М. Әубәкіров, М. Қойшыбаев, Г. Қойшыбаев, Қ. Ахмедияров, А. Жайымов, Е. Үсенов және т.б. шығармалары. Шетел композиторлары А. Моцарт, И. Брамс, М. Глинка, П. Чайковский, М. Зубцов, А. Хачатурян, И.С. Бах және т.б. шығармалары.

**ІІІ бөлім. Дәстүрлі күй мектептерін жеке-жеке меңгеру.**

**1.1 тақырып. Құрманғазы орындаушылық күй мектебі** (жеңіл күйлерінен). Құрманғазы күйлерінің ерекшеліктері: күрделі жоғары шеберлік жігер, қуат, көтеріңкі екпін, әуен көркемдігі. Домбырадағы композициялық буындарды қолдануы (бас буын, орта буын, кіші саға, үлкен саға, тысқары перне, т.б.).

**Тәттімбет және Арқа орындаушылық күй мектебі** (жеңіл күйлерінен). Арқа күйлеріндегі ерекшеліктер, орындалу техникасы.

## **2-сынып**

**1.2 тақырып. Дәулеткерей орындаушылық күй мектебі** (жеңіл күйлерінен). Ерекшелігі: жұмсақ мінез, әдемі сезімдер. Күйлерінің әуезділігі, ажарлылығы. Оң қол қағыстарының ауқымы .

**Қазанғап орындаушылық күй мектебі.** Оның күйлерінің тақырыбы алуан түрлі: философиялық терең ойлы, нәзік сыршылды. Оң қолдағы әр түрлі қағыстар, сол қолдағы дыбыс шығарудың неше түрлі өрнектері.

**1.3 тақырып. Абыл орындаушылық күй мектебі** (орындау шеберлік мүмкіндіктері күрделі болғандықтан басқа мектептердің күйлерінен беруге болады). Күйлерінің ерекшеліктері, орындау техникасы.

**Адай орындаушылық күй мектебі** (орындау шеберлік мүмкіндіктері күрделі болғандықтан басқа мектептердің күйлерінен беруге болады). Ерекшеліктері, оны көршілес қырғыздардың қомызшыларымен салыстыру, Маңғыстау күйшілеріне түркімен саз өнерінің ықпалы.

**1.4 тақырып. Байсерке: Жетісу орындаушылық күй мектебі.** Жетісу күй мектебінің көне бастаулары, халықтық күй үлгілері. Төкпе және шертпе дәстүрлерде кездесетін орындаушылық әдіс-амалдар. Күйлерінің ырғақтық шеберлік, қағыстық, сарындық ерекшелігі.

**Қаратау орындаушылық күй мектебі.** Қаратау күйлерінің ерекшелігі, сарыны, жанры, орындау шеберліктері.

**1.5 тақырып. Сыр өңірінің күй мектебі.** Ерекшеліктері: оң қолдағы қағыстары, сол қолдағы дыбысты көркемдейтін өрнектері, әдіс-амалдары. Мақам саздармен, жыр әуендермен үндесуі. Сағалы және

сағасыз күйлер, сыбызғы және сырнай әуендерінің домбырадағы нұсқалары.

**Алтай-Тарбағатай өңірінің күйлерінен орындау.** Халықтық архаикалық көне күйлер. Орындалу ерекшеліктері: сұлу саз, көне сарын, көркем әуез, өзіндік иірімі, бояуы, дыбыс үндестігі, нәзік шертіс, іліп қағу, теріп ойнау, сол қолдағы дыбыс көркемдігі.

### 3-сынып

#### **IV бөлім. Аңыз, тартыс, тізбекті немесе жанрлы күйлер.**

**1.1 тақырып. Аңыз күйлер** (аңыздарын әңгімелеп отырып орындау, күй аңыздарын, күй атауларын талдау). Ақсақ құлан, Шұбар киік, Нар идірген, Шыңырау, Бозайғыр сияқты және т.б. күйлердің аңыз әңгімелерін айта отырып орындау.

**Күй аңыздарын, күй атауларын талдау.** Күй атауларының сырын көп жағдайда басқа тараптан іздеген жөн. Кейде күй атауы қағыс, ішек басу мәнерін бейнелейтін сөз болуы әбден мүмкін. Есбайдың «Бөгелек», Есірдің «Жалды қара» (зерттеуші Т. Мерғалиев Есбайдың күйі деп берген), Тәттімбеттің «Бес төре» күйлеріне жаңсақ пікірлер айтылып келген.

**1.2 тақырып. Тартыс күйлер.** Өнер жарысында (жарыс тосын жағдайда өтуі мүмкін немесе арнайы барып тартысқан) туған күйлер. Құлшардың кемпір мен қызбен тартысы (күйлері Қыз қамаған, Ат жортақ, Кербез керік, Сық-сақ, Кебіс қалған), Өскенбайдың Құлбай бақшымен тартысы (жаңылтпаштар – төрт түрі), Есбай – Үш атаның тартысы (күйлері Шидеме шегелеме, Қызыл қайың Мамыт, Теріс қақпай, Бұлбұл, Өттің дүние, Әләйім жалған) және т.б.

**1.3 тақырып. Тізбекті немесе жанрлы күйлер.** Бір тақырыпты жан-жақты суреттейтін күйлер: 62 – Ақжелең, Қосбасарлар, Қоңыр, Кеңес, Науайы және т.б.

#### **V бөлім. Күй өнеріндегі қалыптасқан дәстүрлі теориялық ұғымдар**

**1.1 тақырып. Пернелер, қағыстар:** Пернелер мен қағыстардың дәстүрлі атаулары (терминологиясы). **Пернелер:** оғыз перне немесе түркімен перне, бас перне, тылсым перне, еңірелі, жетім, жуас, көсем, мұңлық, даңғыл, пернелер және т.б. **Қағыстар:** қара қағыс, орама қағыс, тентек қағыс, төре қағыс, сүйретпе қағыс, нақты, ілме, тұтпа, бапас, тіреп қағыс және т.б..

**1.2 тақырып. Оң қол мен сол қол саусақтарының белгіленуі.** Оң қол саусақтарының ойнау әдістері мен қағыс бағыттарының қысқаша белгіленулері: Бармақ – Б, Сұқ саусақ – С, Ортаңғы саусақ – О, Жүзік саусақ – Ж, Шынашақ – Ш. Сол қол саусақтарының белгіленулері: бармақ – б, сұқ саусақ – 1, ортаңғы саусақ – 2, жүзік саусақ – 3, шынашақ – 4.

**Сол қол саусақтарының аймақ аралық ерекшеліктері.** Күйшілік өнерде сол қолдың бас бармағының атқаратын қызметі. Дәстүрлі орындаушылық күй мектептерінің орындаушылық тәсілдері, ерекшеліктері, айырмашылықтары.

**1.3 тақырып.** Барлық дәстүрлі орындаушылық күй мектептерінің орындаушылық тәсілдерін, ерекшеліктерін, айырмашылықтарын біле отырып (Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Абыл, Адай, Байсерке, Қаратау, Сыр өңірі, Алтай-Тарбағатай) шебер, үздік орындауға үйрету.

**1.4 тақырып.** Қазақтың дәстүрлі 1000 күй атты антологиясын тыңдау (күйлер 41 CD-ден тұрады). Мәңгілік сарын, Күй керуен және басқа да таңдамалы жеке орындаушылардың жазылымдарын тыңдап үйренуді қалыптастыру (барлық сыныптарға жүктеледі).

**1.5 тақырып.** Күй орындау тәсілдерін дамыту, күрделі қағыстар мен әдіс амалдарды меңгеру.

Оқушылардың күй қоры көбейген сайын орындау тәсілдерінің де молайып түсетіні абзал. Бірнеше қағыс түрлерінің (қара қағыс, ілме қағыс, түйдек қағыс, орама қағыс, тұтпа қағыстардың) бір күйдегі қатар-қатар келуі орындаушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Осындай қағыстары әртүрлі болып келетін күйлерді орындау үшін домбырашы жоғарыдағыдай күрделі қағыстар мен әдістерді жеке-жеке меңгеруі тиіс.

#### **4-сынып**

##### **VI бөлім. Ұлы күйшілер өнерінің жалғастығы.**

**1.1 тақырып.** Махамбеттің күйлерінен орындау. Махамбеттің күйлерінің көлемі мен мазмұны, ойнау шеберлік мүмкіндіктері. Күйлері: Өкініш, Қайран Нарын, Жұмыр Қылыш, Қиыл қырғыны, Шілтерлі терезе және т.б.

**1.2 тақырып.** Динаның күйлерінен орындау. Динаның күйлерінің көлемі мен мазмұны, ойнау шеберлігі, әдістері. Күйлері: Меңдіқара, Науайы, Мереке, Жаңа бозшолақ, Қосалқа, Майдандағы балама, Көгентүп, Кербез, Бет ашар, Өттің дәурен, Қазақстанға 30 жыл және т.б.

**1.3 тақырып.** Сейтектің күйлерінен орындау. Сейтектің күйлерінің көлемі мен мазмұны, ойнау шеберлігі, әдістері. Күйлері: Орытпа, Он алтыншы жыл, Торы ат, Кербез Айша, Шәрипа Ақжелең, Бес қыздың бел шешпесі, Заман-ай, Той бастар және т.б. көптеген күйлері бар.

**1.4 тақырып.** Қазіргі заман композиторларының күйлерінен орындау. А. Жұбанов, Х. Тастанов, М. Қойшыбаев, Р. Омаров, Н. Тлендиев, К. Күмісбеков, Ә. Хасенов, М. Хамзин, Т. Момбеков, М. Әубәкіров, Қ. Ахмедияров, А. Жайымов және т.б. күйлерінен орындау.



**Конкурстық және концерттік бағдарламалар дайындау.** Барлық сыныптың оқушыларын қабілеттеріне қарай қалалық, республикалық, халықаралық фестивальдар мен конкурстарға қатыстыру. Бұл оқытушы мен оқушының өзіндік жұмыстарына жатады. Емтиханның бағдарламасынан тыс конкурстарға, концерттерге шығаратын артық күйлер, шығарамалар әзірлеу керек. Оқушының бұл бағдарламаға көп уақытын және еңбегін арнауына тура келеді.

**VII бөлім. Барлық өңірдің күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы мәліметтер.**

**1.1 тақырып. Батыс Қазақстан өңірі.**

**Құрманғазы** күйлерін жеткізушілер әрі орындаушылар туралы жалпы мәліметтер білу, күйлерін орындау. Жеткізушілер мен әрі орындаушылар – Мәмен, Дина, Тоғайбай, Уқап, Лұқпан, Қали, Ерғали, Оразғали, Ырысбай, Қаршыға, Айтжан және т.б.

**1.2 тақырып. Дәулеткерей** күйлерін жеткізушілер әрі орындаушылар туралы жалпы мәліметтер білу, күйлерін орындау. Әлікей, Кәуен, Салауаткерей, Мүсірәлі, Мақар, Науша және Махамбет Бөкейхановтар, Қали, Ырысбай, Қаршыға, Шәміл, Айтжан және т.б.

**1.3 тақырып. Қазанғап** күйлерін жеткізушілер әрі орындаушылар туралы жалпы мәліметтер білу, күйлерін орындау. Ж. Айпақов, Б. Басықараев, К. Тлеулин, А. Шарипов, С. Балмағамбетов, Н. Жанаманов, А. Райымбергенов, Ж. Асылханов және т.б.

**1.4 тақырып. Маңғыстау өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы жалпы мәліметтер білу, күйлерін орындау.**

Абыл, Есір, Есбай, Құлшар, Арал, Қартбай, Өскенбай, Мұрат, Ш. Ыбраимов, С. Шәкіратов және т.б.

**5-сынып**

**1.5 тақырып. Арқа өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы жалпы мәліметтер білу, күйлерін орындау.**

Арқа өңірінің аса көрнекті өкілі – Тәттімбет. Оның ізбасарлары: Тоқа, Қыздарбек, Әбді, Дайрабай, Сембек, Әбікен, Мағауия, Дәулетбек және т.б.

**1.6 тақырып. Жетісу өңірінің күйлерін жеткізушілер әрі орындаушылар туралы жалпы мәліметтер білу, күйлерін орындау.**

Байсерке, Қожеке, Хатшыбай, Сатқынбай, Мәді, Тленді, Темірбек, Нұрғиса, Боранқұл, Тұраш және т.б.

**Қаратау өңірінің күйлерін жеткізушілер әрі орындаушылар туралы жалпы мәліметтер білу, күйлерін орындау.**

Сүгір Қаратау күй мектебінің көрнекті өкілі, жеткізушілері Жаппас, Төлеген, Генерал, Әлімхан, Фазыл, Дабыл, Қабыл және т.б.

**1.7 тақырып. Сыр өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы жалпы мәлімет және күйлерін орындау.**

Әлшекей, Досжан, Мырза, Жалдыбай, Исламбек және т.б.

**Алтай-Тарбағатай өңірінің күйлерін жеткізушілер мен орындаушылар туралы жалпы мәлімет және күйлерін орындау.**

Бейсенбі, Мүкей, Бәзғалам, Масығұт, Әшім, Уәли, Т. Мұқаш және т.б.

**VIII бөлім. Орындаушылық шеберлігін жетілдіру.**

**1.1 тақырып.** Күйшілік мектептердің аймақтық және орындаушылық ерекшеліктерін ескере отырып орындау барысында шеберлік, көркемдік мазмұнын аша түсу.

**1.2 тақырып.** Ойнау шеберлік мүмкіндіктері қиын, көлемі жағынан және мазмұны жағынан күрделі күйлерді орындау (оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай). Құрманғазы – Төремұрат, Ақбай, Кішкентай. Тәттімбет – Сарыжайлау, Бес төре, Бозайғыр. Дәулеткерей – Қос ішек, Көркем ханым, Демалыс. Қазанғап – Жұртта қалған, Көкіл, Балжан қыз. Есір – Ақжарма, Жалды қара, Қос айырған. Н. Тлендиев – Аққу, Арман. Сүгір – Назқоңыр, Қаратау шертпесі, Шалқыма. Мырза – Бұғының күйі, Ташауыз. Мүкей – Қосбасар, Бұлғын сусар және т.б.

**Қорытынды емтихан (5-сынып оқушыларына).** Әр тоқсан сайын бағдарламаны сахналарға шығарып тыңдау.

Кәсіби жолды таңдаған талапкерлерге 6-7 сыныптар қосымша оқытылады.

### **6-7 сыныптар**

**1.3 тақырып. Күй өнеріндегі дыбыс, тербеліс, интонация және сахна мәдениеті.**

Оқушыларды алғашқы сабақтардан бастап-ақ дыбысты жартылай немесе үстіртін әлсіз басып шығаруға емес, толық дыбыс шығаруға дағдыландыру керек, сонымен қатар дыбыс тазалығына да көп көңіл бөлген жөн. Тербеліс дегеніміз– дыбыстың әдемілігімен сапасын арттыру тәсілі.

**Сахна мәдениеті** – әр тоқсан сайынғы емтихандарға, сынақтарға, сынып концерттеріне, қалалық, республикалық, халықаралық фестивальдар мен конкурстарға дайындау арқылы оқушыларда біртіндеп қалыптасады. Сахна мәдениетін іске асыру жолында дәстүрлі орындаушылардың үн және бейне таспаларын тыңдап, естіп, қолдан үйренудің пайдасы үлкен.

**1.4 тақырып. Барлық күй мектептерінің орындаушылық мәнерін қатаң сақтай отырып орындау.**

Әр орындаушылық мектептің өз мәнері, машығы, өз ерекшеліктері, аймақтық айырмашылықтары бар. Бұл: күйлердің ырғағында, өлшемінде, қағыстарында, саусақ кестелерінде, дыбыс бояуларында, жалпы көлемінде және т.б. Барлық мектептер туралы

бағдарламаның ІІ бөлімінде (1.1 тақырып) және ІІІ бөлімінде (1.1 тақырып, 1.2 тақырып, 1.3 тақырып, 1.4 тақырып, 1.5 тақырып) толық жазылған.

**1.5 тақырып. Барлық орындаушылық күй мектептерінен қор жинау.** Музыка мектебінде оқып жүрген көптеген оқушылар күй қорына көңіл бөлмейді. Репертуарлары бір-екі мектептің күйлерімен шектеледі. Оның өзінде қайталамай отырады, уақыт өткен сайын бұл күйлер де ұмытылып қала береді. Сондықтан музыка мектебін бітіргенде оқушының күй қорында күйлер өте аз мөлшерде болады. Бес жыл оқығанда бес күй орындамайтын балалар бар. Сол себептен ұстаз сабақта оқушыға өткен күйлерін қайталатып орындатып отыруға тиіс. Оқушыда өздігінен үйде өткен күйлерді қайталап, ерінбей, талмай пысықтап еңбек еткен кезде ғана күй қоры біртіндеп жиналады. Ұстаз оқушының қабілетіне қарай барлық мектептердің күйлерінен аз болса да қамтып орындауына бағыт беріп отыруы керек. Сол кезде ғана оқушыда күй қоры біршама жиналуы ықтимал.

#### **Барлық алған білімін қорытындылау. Мемлекеттік емтихан.**

Әр тоқсан сайын мемлекеттік бағдарламаларды тыңдау, үлкенді-кішілі сахналарда оқушыға (музыкалық қабілеттері жақсы балаларға) жеке концерт беруіне мүмкіндік жасау. Мемлекеттік емтиханның бағдарламасын әр орындаушылық мектептердің күйлерінен лайықтап таңдап алу, алған тапсырманы жоғарғы деңгейде орындап шығу (тыңдаушыларға жақсы әсер қалдыру).

### **Сыныптар бойынша бағдарлама талаптары**

#### **Бірінші оқу жылына арналған жоспар.**

##### **Оқушыға жыл бойына қойылатын талап:**

I. Қолдардың қойылымы және қолдардың қойылымына арналған жаттығулар.

II. 3-4 халық күйлері мен халық композиторларының күйлері.

III. 5-6 халық әндері мен Қазақстан және шетел композиторларының шығармалары.

##### **Жыл бойына тапсырлатын емтихандар мен сынақтар:**

I тоқсан аспаппен танысу, қолдардың қойылымы, ноталық сауат және т.б.

II тоқсан: емтихан /1 күй және 1 немесе 2 халық әні /.

III тоқсан: академиялық концерт /1 күй, 2 халық әні немесе шығармалар/.

IV тоқсан: сыныптан сыныпқа көшу емтиханы /1 күй, 2 халық әні немесе шығармалар/.

## Репертуар тізімі (жобамен)

### *I. Жаттығулар:*

Л. Хамиди, Б. Ғизатов №1  
А. Жайымов, Б. Ысқақов, С. Бүркітов  
Қ. Мерембаев № 1  
К. Сахарбаева  
Л. Хамиди, Б.Ғизатов №1

### *II. Күйлер:*

Халық күйі	Кеңес I-II түрі
Халық күйі	Жастар биі
Халық күйі	Сары өзен
Халық күйі	Тепең көк
Халық күйі	Жалқы жігіт
Халық күйі	Қара жорға
Халық күйі	Алшаң боз
Халық күйі	Ақсақ құлан (кіші көлемдегі I, II, III түрі)
Халық күйі	Көк дөнен
Халық күйі	Аққу
Халық күйі	Кербез қыз
Халық күйі	Кеңес I-II түрі
Құрманғазы	Кісен ашқан, Көбік шашқан
Дәулеткерей	Қос алқа II түрі
Дәулеткерей	Қыз Ақжелең
Тәттімбет	Құр ойнақ
Арғынғазы	Арғынғазы
Әренжан	Шалқыма
Дина	Той бастар
М.Әубәкіров	Өрнек

### **Екінші оқу жылына арналған жоспар.**

#### **Оқушыға жыл бойына қойылатын талап:**

- I. Дәстүрлі мектептерден 2 күй және коллоквиум.
- II. 4-5 халық әндері мен Қазақстан және шетел композиторларының шығармалары.
- III. 6-7 халық күйлері мен халық композиторларының күйлері (ұстаз әр уақытта оқушыларға 1-7 сыныптар аралығында өзіндік жұмыс ретінде емтиханның күйлерінен басқа да қосымша күйлер жаттатып отыруы қажет).

### **Жыл бойына тапсырлатын емтихандар мен сынақтар:**

I тоқсан: академиялық концерт /1 күй, 1 шығарма/.

II тоқсан: емтихан /1 күй, 1 шығарма/.

III тоқсан: 1) шеберлікті шыңдау сынағы 2 күй және коллоквиум (коллоквиум оқытушының ұсынысымен жасалынады, мысалы: домбыраның құрылысы, домбыраның түрлері, қанша пернесі және қандай бұраулары, қандай композициялық буындары бар және т.б.);

2) академиялық концерт /1 күй, 1 халық әні немесе 1 шығарма/.

IV тоқсан: сыныпқа көшіру емтиханы /2 күй, 1 шығарма/.

### ***Репертуар тізімі: (жобамен)***

#### ***I. Күйлер***

Халық күйі	Келіншек
Халық күйі	Айжан қыз
Халық күйі	Кербез қыз
Халық күйі	Нәр агачи
Халық күйі	Айда, былпым
Халық күйі	Қыз Ақжелең
Халық күйі	Мұнды қыз
Халық күйі	Сары өзен II түрі
Халық күйі	Тел күрең
Халық күйі	Сал күрең I түрі
Құрманғазы	Боз шолақ, Көбік шашқан, Саранжап
Тәттімбет	Көш жанаған, Жаз қызығы, Құр ойнақ
Дәулеткерей	Жеңгем сүйер, Қыз Ақжелең, Демалыс
Қазанғап	Учитель, Домалатпай, Шыныаяқ тастар
Байсерке	Қалипа Қалыш, Ұран күй
Дина	Той бастар, Сегізінші март, Жеңіс
Сейтек	Бес қыз, Заман ай
Түркеш	Қарабас, Түс күйі

#### ***III. Халық әндері және шығармалар:***

Қазақ халық әні	Маусымжан
Қазақ халық әні	Ақ қайың /өнд. А. Жұбанов/
Қазақ халық әні	Гүлдерайым
Қазақ халық әні	Елік-ай /өнд. Л. Хамиди/.
Қазақ халық әні	Харарау /өнд. А. Затаевич/
Қазақ халық әні	Қамажай /өнд. Б. Ерзакович /
Орыс халық әні	Во поле береза стояла /өнд. А. Семячкин/
Орыс халық әні	Как под яблонькой

Орыс халық әні	Как у наших, у ворот
Орыс халық әні	Пойду ль я выйду ль я /өңд. А. Илюхин/
Орыс халық әні	Светит месяц /өңд. Б. Трояновский /
Орыс халық әні	Я на горку шла /өңд. В. Алексеев /
Украин халық әні	Ой, за гаєм, гаєм
Украин халық әні	Ой, лопнув обруч
Украин халық әні	Ой, под вишнею /өңд. А. Черных /
Белорус халық әні	Янка
Белорус халық биі	Крыжачок
Өзбек халық әні	Гүлхан
Өзбек халық әні	Кари-Новой
Латвийская народная полька	
Чех халық әні	По ягоды
Дж. Перголези	«Ән»
Халық әні	«Алатау»
Халық әні	«Маусымжан»
Халық әні	«Әпитөк»

### **Күйлер**

*Төленов Қ., Исабаева Ә. Сазсырнай үйрену мектебі. – А., 2007.*

К. Құмақайұлы	«Алыстағы арман»
Қ. Төленов	«Балауса»
М. Әубәкіров	«Өрнек»
Ықылас	«Жез киік»

*Мұқышев Т. Сыбызғы сазы. – А., 2005.*

Д. Сасанұлы	«Сағыныш»
Кәлек	«Шопан сазы»
Қ. Шамғонұлы	«Кең жайлау»
Қ. Шамғонұлы	«Құрбыма»
Халық күйі	«Ақ бөкен»
Халық күйі	«Жорға аю» 2-түрі
Халық күйі	«Өрелігер»

Халық күйі	«Хан жұбату»
Халық күйі	«Тоқта баяу, тоқта»
Халық күйі	«Бейжін сарыатан»
Халық күйі	«Қоштасу»
Халық күйі	«Өрікті көл»
Халық күйі	«Кенжетал»

*Молдакәрімова F. Қобыз үйрену мектебі. – А., 2004*

Халық күйі	«Үзбе»
Халық күйі	«Салауат»

### **Ансамбльдік шығармалар**

*Төленов Қ., Исабаева Ә. Сазсырнай үйрену мектебі. – А., 2007.*

А. Жұбанов	«Қарлығаш»
Біржан сал	«Көкек»
Естай	«Құсни-Қорлан»
Кәлек	«Арман»
Қ. Төленов	«Балауса»
Халық әуені	«Ғашықтар»
Ықылас	«Жез киік»

*Педагогикалық репертуардан:*

Б. Антюфеев	«Думка»
Д. Шостакович	«Бұрандалы қуыршақ»
М. Глинка	«Бұлбұл»
С. Бәйтереков	«Кішкентай»
Халық әні	«Ақ баян»
Халық әні	«Тілеуқабак»
Халық әні	«Дайдидау»
Ш. Қалдаяқов	«Арыс жағасында»
Ықылас	«Жез киік»
Ықылас	«Қамбар батыр»

### **Бесінші сынып**

Оқу жылы бойына оқушы гомофония мен полифония құрылымдарын біліп, нотаны бірден еркін оқуды қалыптастырып, дыбыс тазалығын сезініп, тербеліс әдісін қолданып, 10-15 әртүрлі көлемдегі этюдтер, әндер, шығармалар, күйлер және ансамбльдік шығармалар орындап, есту қабілетін арттырып, көркем талғаммен орындау тиіс.

4-5 этюдтер

5-6 ән; шығарма

3-4 күй



Халық әні	«Балапан қаз»
Халық әні	«Ақ баян»
Халық әні	«Тілеуқабак»
Халық әні	«Бұрылтай»
Халық әні	«Дайдидау»
Халық әні	«Толқыма»
Халық әні	«Екі бала»

*Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі – А., 1992.*

*Сазсырнай аспабына лайықтап, өңделіп түсірілді.*

И. Дюссек	«Байырғы би»
Қазақтың халық әні	«Ақбақай»
Өзбектің халық әні	«Гүлхан»
Ф. Әміров	«Кұстар»

*Молдакәрімова F. Қобыз үйрену мектебі. – А., 2004.*

*Сазсырнай аспабына лайықтап түсірілді.*

А. Жұбанов	«Вальс»
Ақан сері	«Қараторғай»
Ә. Еспаев	«Ақ сауле»
Жаяу Мұса	«Сұрша қыз»
К. Мусин	«Прелюдия»
Мәди	«Үш кара»
М. Әубәкіров	«Қарақат»
М. Әубәкіров	«Ән»
М. Қойшыбаев	«Романс»
Н. Тілендиев	«Грезы»
Халық әні	«Дайдидау»
Халық әні	«Маңмангер»
Халық әні	«Екі жирен»

*Жұмабекұлы Ә. Қылқобызға арналған хрестоматия (1 – 4 сыныптарға және музыка мектептері мен колледждерге арналған оқу құралы). – А., 2012.*

*Сазсырнайға лайықтап түсірілді.*

А. Айвазян	«Армян халық биі»
Ақан Сері	«Маңмангер»
Г. Перселл	«Ария»
Халық әні	«Маусымжан»
Халық әні	«Алатау»
Халық әні	«Ахау, Семей»

### **Күйлер**

*Төленов Қ., Исабаева Ә. Сазсырнай үйрену мектебі. – А., 2007.*

Кәлек	«Бақыт құшағында»
Кәлек	«Шопан сазы»
К. Құмақайұлы	«Арман»
Халық күйі	«Армиянның қоңыры»
Халық күйі	«Жетім бала»
Ықылас	«Ерден»
Ықылас	«Жез киік»
Ықылас	«Қазан»
Ықылас	«Қамбар батыр»

*Мұқышев Т. Сыбызғы сазы. – А., 2005.*

Кәлек	«Кең жайлау»
Қ. Құмайұлы	«Құрбыма»
Өсерхан	«Бейбітшілік құсы»
Сармалай	«Ақсақ құла»
Халық күйі	«Ертістің толқыны»
Халық күйі	«Қоштасу»
Халық күйі	«Жорға аю»
Халық күйі	«Сарыала қаз»
Халық күйі	«Кенжетал»
Халық күйі	«Тоқта баяу, тоқта»
Халық күйі	«Жүндібайдың сазы»
Халық күйі	«Қызылқан»
Халық күйі	«Ноғайлының зары»
Халық күйі	«Бегім бер»
Халық күйі	«Нар идірген»

### **Ансамбльдік шығармалар**

*Педагогикалық репертуардан:*

М. Голубь	«Ән»
Н. Тілендиев	«Балапандарым»
С. Бәйтереков	«Кішкентай»
Халық әні	«Арбакеш әні»
Халық әні	«Япыр-ай»
Халық әні	«Балапан қаз»
Халық әні	«Шилі өзен»
Халық әні	«Ақ баян»
Халық әні	«Тілеуқабак»
Халық әні	«Бұрылтай»
Халық әні	«Екі алуа»
Халық әні	«Дайдидау»
Ықылас	«Қамбар батыр»

Ықылас

«Қазан»

*Төленов Қ., Исабаева Ә. Сазсырнай үйрену мектебі. – А., 2007*

Біржан Сал

«Көкек»

Естай

«Құсни – Қорлан»

Қ. Төленов

«Балауса»

М. Мұхадиев

«Құс жолы»

Ықылас

«Жез киік»

### **Бақылау түрлері**

- 9. Бақылау сабағы** – I тоқсанның соңында екінші, үшінші, төртінші сынып оқушылары үшін жүргізу ұсынылады.
- 10. Академиялық концерт** – II тоқсанның соңында бірінші, екінші, үшінші, төртінші сынып оқушылары үшін жүргізу ұсынылады.
- 11. Техникалық сынақ** – III тоқсанның соңында бірінші, екінші, үшінші, төртінші сынып оқушылары үшін жүргізу ұсынылады.
- 12. Ансамбльдердің емтиханы** – III және IV тоқсандар аралығында әр мұғалім сыныбының ансамбльдерінен емтихан жүргізу ұсынылады.
- 13. Келесі сыныпқа көшірілетін емтихан** – IV тоқсан соңында, яғни, оқу жылының соңында бірінші, екінші, үшінші, төртінші сынып оқушылары үшін жүргізу ұсынылады.
- 14. Бітіруші сыныптарға арналған мемлекеттік емтихан** – бесінші, яғни, бітіруші сынып оқушылары үшін оқу жылының соңында, мамыр-маусым айларында жүргізу ұсынылады.
- 15. Сынып концерті** – әр мұғалімнің ықыласы бойынша оқу жылы барысында жүргізу ұсынылады.
- 16. Есеп беру концерті** – міндетті түрде әр мұғалімге оқу жылының соңында жүргізу ұсынылады.

Бағдарламалық талаптар мен бақылау түрлері бойынша критерийлер Балалар музыка мектебінің әдістемелік кеңесімен дербес әзірленеді және Педагогикалық кеңесте бекітіледі.

### **Коллоквиумға ұсынылатын тақырыптар**

1. Орындаушылық шеберлік. Үрлеу әдісі.
2. Алғашқы жаттығулармен, этюдтермен жұмыс жасау.
3. Сазсырнай аспабында дыбыс шығару.
4. Кіші көлемдегі пьесалар мен әндермен жұмыс жасау.
5. Нотаны бірден парақтап оқу.
6. Есту қабілетіне арналған тапсырмалар.
7. Ансамбльдік үйлесімділікті сезіну.



8. Күрделі шығармалармен жұмыс жасау.
9. Репертуарды таңдай білу және талдай білу.
10. Импровизация жасау өнері.
11. Сахна мәдениеті.
12. Қазақ музыка фольклоры.

### **Тестілеуге ұсынылатын тақырыптар**

1. Музыкалық сауаттылықтың негіздері.
2. Сазсырнай аспабының құрылымы.
3. Сазсырнай аспабының дыбыс күйге келтірілуі; екі қол қойылымы.
4. Динамикалық белгілер.
5. Екпіндер.
6. Мелизмдер.
7. Ырғақ, пунктирлі ырғақ, синкопа.
8. Транспонерлеу.
9. Қазақ музыкасының негіздері.
10. Дәстүрлі халық күйлері.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары**

Ұсынылатын бағдарламаны өз деңгейінде орындау үшін келесі материалдық-техникалық базаны қамтамасыз ету қажет.

1. Жарық, жылы, кең бөлме.
2. Музыкалық аспаптар (сазсырнай, фортепиано, пульт және т.б.).
3. Білім берудің техникалық құралдары (СД және DVD).
4. Концерттік костюмдер (ұлттық нақышта тігілген киімдер).
5. Оқулықтар, әдебиеттер және жұмыс дәптерлері.

### **Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету**

1. Компетенттік ыңғай.
2. Денсаулық сақтайтын технологиялар.
3. Шығармашылық дағдылардың құрылуы.
4. «Критиктік ойлау қабілетін дамыту» технологиясы.
5. Модульдік технологиямен білім беру.
6. Биоадекваттық әдістеме.
7. «Бинарлық даму – парасат+шығармашылық» технологиясы және тағы басқа көптеген технологияларды қолдану.

## Қорытынды

Тарихқа көз жүгіртсек, қай халық болмасын өзінің музыкалық шығармаларын үлкен бір сезіммен қадірлеп, қастерлейді, музыка сол халықтың ішкі жан дүниесі, тіршілігі, әлемі оның өмір сүруінің дәлелі. Сондықтан қай халық болмасын өз музыкасының дамуына жағдай жасап, оны мектеп қабырғасынан бастайды. Өмірлік ұстанымы мен өзіндік дәстүрі қалыптасқан музыкалық өнер адамдарға тек жақсылық алып келетін, қуаныш пен шаттық таратушы құралдардың бірі іспеттес.

Осыған орай қазіргі заманғы білім талаптарына сай, оқушының шығармашылық қабілеттерін ашып, кәсіби деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік туғызатын «Сазсырнай» пәніне арналған бағдарламаны жасау мақсаты туындады.

Аталған бағдарлама әр педагогқа оқушымен жұмыс жасауда оның дүниетанымын кеңейтуге көмектесетін бірден-бір құрал болып табылады. Музыкалық фрагменттерді нотадан оқи алу дағдысын қалыптастыру үшін музыкалық сауаттылық бойынша берілетін білім мазмұны оқушының ойлау қабілетін шыңдап, әр сабақта еуропалық музыка классиктері мен ұлттық шығармалардың мазмұны мен көркемдік ерекшелігін тереңінен талдауға мүмкіндік береді.

Музыкаға жауапкершілікпен қараған оқушы балалар музыка мектептеріндегі аспаптар бөлімінде оқыған шығармасының көркемдік бөліктерін жақсы орындай алады деген сөз.

«Сазсырнай» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын құрастырғандар: Шымкент қаласындағы Балалар өнер мектебінің директоры **Акчулакова В.Е.**, Балалар өнер мектебінің Қазақ ұлт аспаптары бөлімінің оқытушылары – **Көпбаева Г.С.**, **Кальменова Ш.С.**

Оқытушы мен оқушының ынтымақтастық өнері Бағдарлама ұсынған шығармашылық іс-тәжірибелік міндеттердің көпжақтылығының арқасында алуан түрлі болады, ал тіпті ең әлсіз, нашар оқушылардың шығармашылық іскерлігі – бұл бағдарламаның нәтижелілігінің үздік көрсеткіші.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

### Негізгі

1. Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі. – А., 1992
2. Жұмабекұлы Ә. Қылқобызға арналған хрестоматия. 1-4 сыныптарға және музыка мектептері мен колледждерге арналған оқу құралы. – А., 2012
3. Молдакәрімова Ғ. Қобыз үйрену мектебі. – А., 2004
4. Мұқышев Т. Сыбызғы сазы. – А., 2005
5. Нұрғалиев Ы. Фольклорлық этнографиялық ансамбльдерге арналған ән-күйлер. – А., 2011
6. Сарыбаев Б.Ш. Казахские музыкальные инструменты. – А., 1978
7. Токжанов Т. Сыр бойы күйлері. Ансамбльге арналған партитуралар. Оқу құралы, 1-бөлім. – Қ., 2009
8. Төленов Қ., Исабаева Ә. Сазсырнай үйрену мектебі. – А., 2007

### Қосымша

1. Александров А. Школа игры на трехструнной домбре. – М., 1972
2. Ахметова Қ. Қобыз үйрену мектебі. – А., 2007
3. Есенұлы А., Елеусізқызы Г. Күй керуені. – А., 1997
4. Жұмабекұлы Ә. Қылқобызға арналған хрестоматия. – А., 2009
5. Қосбасаров Б. Қобыз өнері. – А., 2001
6. Ляховицкая С., Баренбойм Л. Сборник фортепианных пьес, этюдов. I часть. – Л., 1982
7. Мұхитов Қ., Досымжанов Қ. Домбыраға арналған хрестоматия. – А., 1985
8. Натансон В., Рощина Л. Фортепианная игра. 1 – 2 классы детской музыкальной школы. – М., 1991
9. Тастанов Х. Домбыраға арналған этюдтер мен пьесалар. – А., 1996

# «Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі»

**Құрастырғандар:** Ахметова С.Қ. – №83 мектеп-гимназиясының бейінді оқыту бөлімінің меңгерушісі, қазақ ұлттық-аспаптар оркестрінің жетекшісі (Алматы қаласы), Кипиев Қ.М. – М. Қойшыбаев атындағы балалар музыка мектебінің директоры, М. Қойшыбаев атындағы халықтық қазақ ұлт-аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі, дирижері, оркестрлік кластың оқытушысы, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, доцент (Атырау қаласы).

**Пікір жазған:** Асқаров Ш.А. – П.И. Чайковский атындағы колледждің қазақ ұлттық-аспаптар оркестрінің жетекшісі және дирижері, домбыра класының оқытушысы, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері (Алматы қаласы).

Типтік оқу бағдарламасы Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді.

«Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі» балалардың музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған үлгілік оқу бағдарламасына (оқыту мерзімі 7 жыл) қосымша білім беру ұйымдарының ерекшелігін ескере отырып, толықтырулар мен өзгертулер енгізілуі мүмкін.

## Кіріспе

Оркестрлік класс музыка, өнер мектептерінің халық аспаптар бөлімдерінде өткізілетін пәндердің арасындағы ең негізгі пәндердің бірі болып саналады. Оркестрлік класс сабағында оқушылардың музыкалық есту қабілетін, оны жадында сақтау қабілетін нығайтып дамытуға, көркемдік талғамының өсуіне тәрбиелеп, олардың ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі. Оркестр класының оқу барысында оқушы оркестрде ойнау дағдысын меңгеріп, оркестрдің жұмыс жасау әдістемесімен танысады.

Оркестр ұғымы гректің «**orchestra**» – сахна алдындағы алаң деген сөзінен шыққан. Оркестр – әр түрлі музыкалық аспаптарда белгілі бір композитордың шығармасын ойнайтын музыкант-орындаушылардан тұратын үлкен ұжым.

Ансамбльмен (оркестр) ойнаудың мақсаты – топ болып орындауға машықтану.

### **Пәннің қысқаша сипаттамасы:**

«Оркестрлік класс» пәні оқушылардың кәсіби дайындығын жетілдіруге бағытталған. Бағдарлама пәнаралық байланысты есепке ала отырып құрастырылған. Ол кәсіби музыкалық дайындықты жан-жақты қамтамасыз етеді. Оқыту барысы оқушылардың әр түрлі музыкалық дайындығының деңгейін ескеріп, кәсіби педагогикалық бағытқа негізделген.

### **Пәннің мақсаты:**

- әр түрлі құрамдағы халық аспаптар оркестрімен танысып, аспаптарда дыбыс шығару, ойнау тәсілдері, техникалық, көркемдік мүмкіншіліктері мен ерекшеліктерін меңгеру;
- оқушылардың музыка, фольклорды бар ынтасымен оқуға және қазақтың музыка аспаптары мен қазақ халық аспаптар оркестріне деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін тұрақты түрде арттыруға кешенді тәрбиелеу;
- олардың көркемдік талғамын жетілдіру;
- өз ісіне шығармашылық көзқараспен қарауға, өз міндетіне саналы түрде қарап, жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- оркестрдің ортақ тембрі мен дауыстардың бірыңғай үндестігін келтіру арқылы дыбыс теңдігін сақтап, ансамбльдік ойнау дағдыларын дамыту тәжірибесін үйрену мен шыңдау;
- оркестрлік репертуарды меңгеру;
- теориялық білімді тәжірибе жүзінде іске асыру;
- әр түрлі музыкалық формалардың орындаушылық интерпретациясын сақтау және қолданысқа енгізу;
- орындаушылық өнердің сахна мәдениетін игеру.

Оркестрлік класс оқушыларды оқытуда төмендегідей нақты міндеттерді атқарады:

- оркестрде музыкалық шығармаларды мәнерлеп орындауға дағдыландыру;
- оркестрдегі музыкалық аспаптардың құлақ күйін келтіруді үйрету;
- нотаны бірден оқып, сауатты ойнау дағдысына жеткізу;
- оркестрмен дайындық жүргізу жұмыстарының түрлерімен және әдістерімен тәжірибе жүзінде таныстыру;
- оркестрмен орындаудың негізгі тәртібін сақтауға оқыту;
- концертпен шығуға дағдыландыру;
- жоғары талғамды түрлі репертуарлармен таныстыру;
- оркестр мүшелерінің ішкі тәртібін сақтау мен қатар еңбекке баулып, тәрбиелік және шығармашылық ізденіс жолдарына көңіл бөлу;
- оркестр құрамындағы қазақ халқының музыкалық аспаптарында орындау ерекшеліктерін меңгеру;
- музыкалық қабілеттілікті (музыкалық есту қабілеті, ой-өрісі) дамыту.

Оркестрлік класс пәнінің бүгінгі таңда алатын орны үлкен. Қазіргі кезеңгі талаптарға сәйкес оқушы оркестр құрамындағы халық аспаптарының дыбыс көлемін, бұрауын, дыбыс шығару тәсілдері мен техникалық, көркемдік-орындаушылық мүмкіндіктерін игеріп, қазақ халық сазгерлерінің асыл мұраларын, сонымен қатар алыс-жақын шетел сазгерлерінің классикалық музыкаларын да үйреніп, өзіне жүктелген міндетті тиянақты, аса жауапкершілікпен атқаруға тиісті. Осы мүмкіншіліктердің арқасында, мектеп жанынан ансамбль немесе оркестр топтарын құру біздің негізгі міндетіміз. Оркестрлік кластар жалпы білім беретін мектептердің жанынан көркемөнерпаздар оркестрі, ал музыка, өнер мектептері жанынан кәсіпқой оркестрі болып құрылып келеді.

Оркестрлік класс сабағының мазмұны қазіргі музыка мектептеріндегі пайдаланып жүрген оқу жоспарының талаптарына сай жүргізіледі. Оркестрлік класқа 7 жылдық музыка мектептері үшін (5-7 сынып) қабілеттіктерін танытқан 5-сынып оқушылары, ал 5 жылдық музыка мектептері үшін (3-5 сынып) қабілеттіктерін танытқан 2-сынып оқушылары қабылданады. Оркестрдің құрамы жинақталған топтан тұрады. Оркестрдің бірігіп өткізетін дайындығына аптасына бір рет 0,5 сағат, жеке оқушыға аптасына 3 сағат бөлінеді. Жыл бойына 119 сағат беріледі.

Оқушылар оркестрінің (ансамблінің) құрамы толмаған жағдайда, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру мақсатында оркестрге кәсіпқой

орындаушылардың (мектеп оқытушыларына және басқа да иллюстраторлардың) қатысуына рұқсат етіледі.

Оркестр жетекшісі жыл бойына мектептегі өтетін түрлі тақырыптағы, әр түрлі сипаттағы шығармаларды дайындауы қажет. Шамамен 4-5 қазақ халық ән-күйлері, 3-4 қазақ халық композиторларының ән-күйлері, 3-4 орыс, шетел композиторларының шығармалары және 2-3 қазіргі заман композиторларының шығармалары.

Оқушылар оркестрінің әрбір концертті олардың белгілі уақыттағы атқарылған жұмыстарының қорытындысы ретінде қаралып, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі мұны кеңінен талқылап отыруға тиіс.

Оркестрлік класқа халық аспаптарында ойнайтын және еуропалық аспаптардың кейбір түрлерін (флейта, гобой, т.б.) меңгеріп жүрген оқушылар қатысады. Оркестрдің жыл бойындағы дайындық жұмысы оқу жылының басында жоспарланып, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының қолымен бекітіледі. Бірінші және екінші жартыжылдықтың аяғында оқушыларға жыл бойындағы үлгерімі, тәртібі, белсенділігі және оркестрлік дағдыны игеруіне байланысты баға қойылады. Және де оқу жоспарында жыл бойына шығатын концерттердің саны, ойналатын репертуардың көлемі көрсетіледі.

Оркестрлік кластың жетекшісі оқыту барысында оқушыларға мына төмендегідей білім, білік, іскерлік дағдыларын дамытуға тиіс:

- әрбір оқушы оркестрдегі өз партиясын дирижердың талабына және ойналатын шығарманың мазмұнына сәйкес орындауы қажет;
- нотаны бірден оқу дағдысын дамыту;
- оркестрдегі және жеке топтағы партияларды, шығарманың тақырыбын, сүйемел үрдісі мен бағыныңқы (қосалқы) дауыстарды дұрыс таңдап, айырып, анықтай білу;
- хорды, әнді, жеке аспаптарды, биді сүйемелдеу;
- ойнап жүрген шығармалардың шығу тарихын, авторын, мазмұн идеясы жайлы ойларын қорытып, айта білу.

## Пәннің мазмұны

### Бірінші оқу жылы

Бірінші оқу жылы халық аспаптар оркестрі құрамын оқушылардан ұйымдастырып, қалыптастыру кезеңі. Оркестр сабағын жүргізетін оқытушы орындаушыларды оркестрде орналастыру тәртібін, әр түрлі аспаптық топтарды үндестіктеріне және санына қарай бөліп отырғызу және музыкалық аспаптардың бұрауымен таныстырып, оркестрдің құлақ күйін келтіру дағдысын үйрету жөнінде толық мәліметтер беріп, олардың мағынасын түсіндіреді. Оқушылардың аспаптарда мәнерлі, сапалы дыбыс шығару тәсілдері игеріледі. Оркестрмен жұмыс жүргізудің негізгі түрлері мен әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытып, оған деген құштарлығы мен қызығушылығын арттырады. Автордың ойы мен дирижердың талаптарын орындауға үйрету. Нотаны өздігінен бірден оқып, ойнау дағдысын игеру. Дирижерлық схемамен және оның көптеген шартты белгілерімен танысу. 2/4, 3/4, 4/4 өлшеміндегі дирижердың қол қимылын түсініп орындау. Шығарманы бір уақытта бастап және бір уақытта аяқтау дағдысын игеру. Шығарманың екпініне, сипатына, динамикалық және әуендік иірімдеріне байланысты әдіс-амалдарын меңгеру. Тыңдау арқылы әуенді, аккомпанементті, басты естіп, қадағалау қабілетін жетілдіру.

Алғашқы жылы оркестр репертуарына іріктеп алынып ойналатын шығарманың бағдарламасы оқушыларды партитурадағы музыкалық фактураның барлық элементтерімен біртіндеп ретімен таныстыруды көздеп құрылады. Репертуарда 2 – 3 бөлімнен тұратын шағын, жеңіл және тональдік белгілері аз, метрлік құрылысы мен ырғақтық бірлестіктері күрделі емес шығармалар таңдалынады. Алғашқы кезеңде, «до мажор» – «ля минор», «ля мажор» – «фа минор», «фа мажор» – «ре минор» тональдіктеріндегі шығармаларды, оған қоса аспапта ойнау техникасын дамыту мақсатында бір дауысты, жеңіл оркестрлік жаттығулар мен гаммалардың ойнатылғаны тиімді.

### Шамамен алынған репертуар

Халық күйі	Айжан қыз
Халық күйі	Келіншек
Халық күйі	Кеңес
Халық күйі	Жастар биі
Құрманғазы	Кісен ашқан
Құрманғазы	Қапы
Дәулеткерей	Қосалқа
Дәулеткерей	Ысқырма
Тәттімбет	Қосбасар



Сейтек  
А.Жұбанов

Заман-ай  
Би күйі

### **Екінші оқу жылы**

Екінші жылы, дайындық, бүкіл оркестрдің аспаптары, топтарымен және оркестр аспаптарының партияларын жеке талдап, ойнату ықпалында өткізілу жалғастырылады. Орындаушылық тәсілдерінің шарттары мен динамикалық белгілерін, ырғағы мен екпіннің дұрыс орындалуы, оларды анықтау жұмыстары жүргізіледі. Шығарманы ойнап үйренумен қатар, дирижердың қол қимылын қадағалап, түсініп, дыбыстың таза, сапалы болуына, біріңғай қойылған саусақ пен аппликатураны, қағыс белгілерін шатыстырмай, дұрыс орындау шеберлігін жетілдіруді көздейді. Шығарманың көркемдік жағын аша білуде, стаккато және нон легато мен легатоны көрсетудегі дирижердың қол қимылын түсініп, талабын орындай білу. Дыбысты біртіндеп күшейтуді, азайтуды меңгеру. Екпінді біртіндеп жылдамдату және тежеуді меңгеру. Оқушылар оркестрде ойнау тәсілдері мен ерекшеліктерін меңгергеннен кейін, жоғарыда айтылған талаптардың тиімді қолданылуы арқылы жалпы оркестрлік дыбыс тепе-теңдігіне зейін қойып жұмыс атқарылуы қажет. Жұмыс барысында, оркестрлік функциялардың байланыстылығын, оркестрлік топтардың негізгі орындаушылық фактурасының элементтері, оркестрлік партиялардың маңызы, шығарманың ішкі иірімдерін сезіну мен орындаушылардың ойлау қабілетін өсіру жолдары қаралады. Оркестр класының бағдарламасына, теориялық негіздері терең ойлы, ырғақтар мен әуен жағынан күрделілеу шығармалар енгізілуі тиісті. Оқыту және концерттік бағдарламаға, оркестрге арналған «өте жай» және «өте жылдам» екпіндегі немесе күрделі, ауыспалы өлшемдегі шығармаларды енгізу қажет. Орындаушыларға жекелеген партиялар ұсынылып, оны кідірмей оқу міндеттері жүктеледі.

### **Шамамен алынған репертуар**

Халық күйі	Тепең көк
Құрманғазы	Балбырауын
Құрманғазы	Аман бол шешем аман бол
Құрманғазы	Қайран шешем
Қазанғап	Учитель
А.Жұбанов	Би күйі
А.Затаевич	Қазақ маршы
Н.Тілендиев	Ата толғауы
Н.Тілендиев	Көш керуен
К.Күмісбеков	Аманат
К.Күмісбеков	Өмір жолы

### **Үшінші оқу жылы**

Оркестр сыныбында дыбыстың, аспаптардың, бүкіл оркестрдің құлақ бұрауының тазалығы мен ырғақтардың сапалы орындалу жұмыстарын жетілдіру әрі қарай жалғасады. Үшінші оқу жылында оқушылар ұлт аспаптар оркестріндегі аспаптардың тембрлік ерекшеліктерін білумен қатар, аспаптар топтарының дыбысты бірдей тепе-теңдікте сақтап ойнауы, гармониялық фигурациялардың техникалық ауыспалылығын, жаңа қағыс түрлерін игеріп, топтардың, бүкіл оркестрдің фразировкасын ажыратып, игеруін қамтиды. «Пиано»-дан «форта»-ға, «пианиссимо»-дан, «фортесимо»-ға, «форте»-ден, «пианиссимо»-ға ауысу және жай екпіннен жылдам екпінге немесе жылдам екпіннен жай екпінге бірте-бірте өту жұмыстары атқарылады. Сондай-ақ, екпіннің кенеттен өзгеруін және дыбыс күшінің кенеттен алмасуларын (сфорцандо, субитопьяно, т.б.) дирижердың қол қимылы арқылы түсініп, орындау дағдысын меңгеру. Өткен жылдардағы талаптар шындала түсіп, оркестр класында оқушыларға тәлім-тәрбие беру жолдары іздестіріліп, репертуарға күрделі шығармалар енгізу және техникалық қиын жаттығулар ойнату арқылы орындаушылық мүмкіншіліктерін өсіріп, сана-сезімдерін әрі қарай жетілдіре түсу қажет. Сабақ жеке аспаптар топтарымен және бүкіл оркестр құрамымен өткізіледі. Оркестр класының репертуарына оркестрдің жеке орындаушыларды (аспаптық, әндік) сүйемелдеуімен орындалатын және күрделі концерттік шығармалар енгізіледі.

### **Шамамен алынған репертуар**

Халық күйі	Тел қоңыр
Құрманғазы	Адай
Құрманғазы	Қызыл қайың - серпер
Түркеш	Қарабас
И.Штраус	Полька - пиццикато
Ф.Шуберт	Вечерняя серенада
М.Огинский	Полонез
И.Брамс	№1 Венгер биі
А.Жұбанов	№1 Тәжік биі
Н.Тілендиев	Әлқиса
С.Хусайынов	Мереке
Ж.Еңсепов	Әке толғауы

### **Пәнді оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулар**

Оркестр ұжымдық өнер болып табылады. Мұнда жеке орындаушы немесе аспаптық топтардың мақсаттары біртұтас ойынға бірігеді. Сол арқылы толыққанды көпдыбысты үндестік пайда болады. Оркестрдің

түпкі жетістігі ретінде жалпы ұжымдық әуен түзілісінің синтезін ғана бағалай аламыз.

Ұжымдық дәрістерден оркестрлік класс пәні бойынша оқушыға төмендегідей білім беру талаптары қойылады:

- шығарма жайында ақпарат беру (формасы, авторы жайлы мәліметтер);
- оқыту бағдарламасы мен концерттік талаптарға сай репертуар қорының бай болуы;
- орындаушылық техника тәсілдерінің дамытылуы;
- көркемдік интерпретация әдістерінің сауатты қолданылуы;

Класста өтілетін сабақтардың мазмұны:

- ноталық мәтінді таза оқу;
- әрбір партияны жекелей оқыту;
- оркестрдің ортақ тембрі мен дауыстардың бірыңғай үндестігін жасау (дыбыстардың қосылуы, сүйемелдеу, жеке дыбыстық бояу еркіндігін сақтау т.б.);
- динамикалық көркемдікке баулу (екпін мен ырғақ қойылымы);
- шығармалардың формалық, стильдік сипаттарын оқыту.

Сабақтың мазмұны арнайы оқу жоспарына сай жүргізіледі. Оркестрлік оқу әдебиеттері ұлттық әндер мен күйлерден басқа, классикалық бағыттағы шығармалардың арнайы оркестрге жазылған және халық аспаптарына лайықталған, өңделген түрлерімен де жабдықталуы қажет, бұл оқушының кәсіби білімін байытады.

Оркестрлік класс пәнінің жұмыс жоспарының бағыты мен бағдары қазіргі кезеңдегі оқыту талаптарына сай педагогикалық ғылымның соңғы жетістіктерін қамти отырып жасалады, ол оқушылардың көркемдік зейіндері мен эстетикалық қағидасын қалыптастыруы тиіс және кәсіби шығармашылық деңгейінің өсуіне ықпал етуі керек.

Оркестрлік класқа, оркестрмен жұмыс жасау тәсілін меңгерген, ұжымды ұйымдастыра білетін, тәжірибесі мол педагог басшылық жасайды. Оркестрлік класының оқу барысында, оқушы сольфеджио сабағында, мамандығы, таңдау, музыка әдебиеті және ұжымдық пәндерден алған білімдерін жетілдіріп, осы пәндердің байланыстылығын тәжірибе үстінде меңгеруіне толық мүмкіншілік алады.

Оркестрлік класс, оркестр жетекшісіне оқушылардың аспаптарда, жалпы оркестрде ойнау шеберліктері мен қабілеттерінің шыңдалуына, музыкалық эстетикалық талғамдарының өсуіне ықпал жасауын міндеттеуімен қатар, өзінің практика жүзінде жинақталған тәжірибесін қолдана отырып, оқушыларға шығарманың көркемдік, техникалық сапасын дамытып, қажетті деңгейде көрсете алу жолында көп қызмет жасауын, ең негізгі талаптардың бірі деп санайды.

Оркестрлік кластың алдында тұрған мақсаттардың бірі, әр аспапта отырған оқушылардың шығармашылық партияларын жетік меңгеруінде. Оның ішінде, біріншіден, өзінің партиясын орындау үстінде автордың көздеген мақсатын, шығармадағы динамикалық өзгерістер мен оларды мүлтіксіз орындау қажет болса, екіншіден, оркестр жетекшісінің (дирижердың) қол қимылын қадағалап, оның талабына дұрыс жауап беруінде. Үшіншіден, өз аспабында орындаумен қатар, қасында отырған басқа топтағы орындаушылардың аспаптарының үндерін жақсы есітіп, ансамбль үйлесімділігін, ырғақ пен жылдамдықтың ауытқымауына, динамикалық өзгерістерінің бірдей ойналуына көңіл бөліп, назар аударуында.

Оркестрмен жұмыс жүргізу, музыкалық шығарманы ойнатумен қатар оны жақсы меңгеру негізгі үш кезеңнен тұрады. Оның әрқайсысының міндеті, мақсаты, өздеріне тән ерекшеліктері болады. Олар:

- жалпы түсінік және алдын-ала таныстыру;
- музыкалық шығарманың техникалық және көркемдік жағын меңгеру, түзету енгізу;
- шығарманы түгел, бастан аяғына дейін тоқтамай ойнату.

Жалпы түсінік және алдын-ала таныстыру кезеңінде оқытушы оқушыларға шығарманы үйретпей тұрып ең алдымен ол жөнінде кең мағлұмат беріп, таныстырып өту керек. Мұнда шығарманың мазмұнына, композиторына, тональдығына қысқаша тоқталып, оркестрге қалай бейімделіп түсірілгенін, сипатын, орындаушылық тәсілдерін, дыбыстың ауытқуы, динамикалық белгілерін, ырғағы мен екпінін анықтап түсінік береді. Жоғарыда айтылған талаптар жұмысты өте тиімді өткізуіне және әр орындаушының алдында тұрған міндеті мен жауапкершілігін арттыруға көмегін тигізеді.

Екінші, ең негізгі және дайындыққа уақытты өте көп талап ететін кезең. Бұл жерде нақтылы бір шығарманы ойнап үйренумен қатар, оның көркемдік жағын нығайтып, техникалық орындау әдістерін шыңдау жұмыстары көзделеді, яғни музыканың техникалық және көркемдік жағын меңгеру болып саналады. Сондықтан, оркестр жетекшісі шығарманың күрделілігіне, қиындығына байланысты қанша дайындық жасау қажеттігімен қатар, әр дайындықта қандай жұмыстар атқарылатыны жөнінде жоспар жасайды. Осы кезеңде орындаушы-оқушылар шығарманың ноталық мәтінімен жақсы танысып, авторлық белгілерді анықтап, ырғақ пен екпінді және ойнау, қағыс тәсілдерін жақсы меңгеруіне толық мүмкіндік алады. Шығарманың техникалық қиын жерлерін, пассаждарын өте жай екпінде ойнатумен қатар әр дыбыстың таза, қатесіз ойналуына мән берген жөн. Осы жерде айта кететін бір мәселе, оқытушы әр орындаушының өз аспабында партиясын сапалы орындауымен шектелмей, бүкіл оркестрлік дыбыс үйлесімділігі

мен үндестіктеріне көңіл аударуларын жетік түсіндіргені орынды. Сол себепті, оқытушы оркестрдің әр тобының техникалық қиын, күрделі жерлерін асықпай, бастапқы берілген екпінімен ауытқымай негізгі (бірінші үлесті) іштей сезініп отыруымен бірге, қасындағы топтарды тыңдап, ансамбльдік дыбыс тепе-теңдігін ұстауына баулуы, ықпалын тигізуі өте қажет.

Оркестр топтарымен жұмыс істеу барысында динамикалық белгілерді оқушылардың естеріне түсіріп, үйретіп отыру қажет. Себебі, мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты нотаны үйрету барысында кездесетін динамикалық белгілерді үнемі құлағына құйып, қайталап отыру нәтижесінде олар естерінде сақталып, жаттанды болып қалады, ал шығарманы жаттап алған соң үйрету қиынға тиеді.

Көбінесе оркестрдегі оқушылар нотаға қараймын деп отырып, ойнап жатқан шығарманы өзгелермен бірдей бітіре алмай қалатын жағдайлар да жиі кездеседі. Мұндайда оларға соңғы екі тактіні жаттап алуы немесе санап отырып, жетекшіге қарап бітіру керектігін түсіндіру керек.

Үшінші кезең шығарманы түгел, басынан аяғына дейін тоқтамай ойнату. Бұл жерде ең негізгі мақсат шығарманың мазмұнын оның көркемдік тұлғасы мен орындаушылық, техникалық және кульминациялық шыңын, бүкіл оркестр, қойылған талаптарға сәйкес бір адамдай болып орындау шарты көзделеді. Осы кезеңде орындаушылардың ойнау кезіндегі кемшіліктерді айқындау ретінде екпіні мен ырғақты, динамикалық белгілердің дұрыс орындалуына және көркемдік жағына аса көңіл аударып, сипатының, мазмұнының сәйкестігін қадағалау ретінде біршама жұмыстар жүргізіледі.

Оркестр дайындығының кезеңдерінің мазмұнды болуы, ұжымдық жұмыстардың шығармашылық екпінде өтуі, оқушыларды баурап алуы, ынталандыруы, оркестр сабағының оқытушысының ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты. Сонымен қатар, дайындық кезінде оқытушы өзінің алғырлығын, байқағыш сезімталдығын, іскерлігін пайдалана отырып, оқушылардан талап еткенде сыпайы түрде, әдептіліктен аспай, әрі сенім білдіру арқылы жетектеп отырса, жұмыс нәтижелі болмақ.

Әрбір оқытушының жан-жақты ойластырылған сабақ өткізу тәсілі оның жұмысының табысты болуының ең негізгі алғышарты болып табылады. Практикалық дайындық теориялық оқумен тығыз байланысты болуы тиіс. Теория деген сөздің төркінін тек қана музыка теориясы деп түсінбей, сонымен қатар аспапты қалай ұстап, тремолоны қалай ойнау керек, бірінші позициядағы саусақтың орналасуы қандай болуға тиіс деген тәрізді теориялық ұғым деп қарау керек. Әрбір дайындық жұмысының жемісті өтуі үшін жетекшінің өзіне тән жұмыс

істеу әдістемесін тапқаны жөн. Әрине, тәжірибелі әдістеме бірден қалыптаса қоймайды. Ол үшін көп ізденіп, қажымай еңбек етуге тура келеді. Алғашқы үйрету кезеңі жетекші-оқытушыдан педагогикалық шеберлікті, шыдамдылықты, оркестр мүшелерін қызықтырып, үйіріп әкететіндей іскерлікті талап етеді. Уақыт тапшылығына байланысты жетекшінің оркестр мүшелерімен жеке сабақ өткізуге мүмкіншілігі жоқ. Сондықтан да бастапқы кезеңде жетекші оркестр мүшелерін бірнеше шағын топқа бөліп, олармен аптасына үш рет 3 сағат бойы жеке дайындық жүргізгені жөн. Әр дайындықтың бірінші сағатына – тенор-домбыра тобында, екінші сағатына – сырнай мен қобыз тобында, ал үшінші сағатына – прима, шертер, бас, контрабас аспаптарында ойнайтын оқушыларды шақыру керек. Мұндай кезде жетекшінің оркестр мүшелерінің әрқайсысымен жеке дайындық жүргізуіне мүмкіндік туады. Бұл сабақтарда олар аспаппен жете танысып, оң қол мен сол қолдың дұрыс қойылуын игеріп, аспапта ойнап үйренудің негізгі әдістерімен танысады. Сонымен қатар, нота материалын өздігінен талдап үйренуге, оркестр партияларын игеруге дағдыланады.

Музыка аспаптарын игерудің алғашқы кезеңі оқушылар үшін қызықсыз болып, бірыңғай қайталаулар оларды тез жалықтырып жіберуі де мүмкін. Сондықтан жетекші алғашқы сабақтан бастап қол қойылымдарын және негізгі ойын тәсілдерін игерумен қатар нота сауатын игеру, қарапайым әуендерді нотамен айту, кішігірім әуенді есте сақтап, айтып беру сияқты музыкалық қабілетті дамытумен де айналысқаны жөн. Мұндай сабақтар оркестр мүшелерін қызықтыра түсіп, олардың музыкалық аспапты тезірек игерудегі қабілетін арттыруына жағдай жасайды.

Оркестр мүшелерінің үйдегі күнделікті дайындық жұмыстары аспапты ойдағыдай меңгеру мен ойнау тәсілдерін игерудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Ол үшін мүмкіндігінше әр оқушының жеке өз аспабы болғаны дұрыс. Аспапты меңгеру үшін оқушы күніне кем дегенде жарты сағаттан бір жарым сағаттай уақыт дайындалу керек. Оркестр сабағында оркестрде ойнау тәсілін біртіндеп игеру қажет. Осыған байланысты оркестрмен жұмыс жасаудың тиімді формасын пайдалану керек. Оркестрмен жұмыс жүргізудің үш формасы болады. Олар:

- жеке;
- топтық;
- жалпы оркестрлік.

**Жеке дайындық** жаңадан келген, әлі аспапта ойнау дағдысы қалыптаспаған, бірақ ойнауға ынталы, талабы бар оқушылармен өткізіледі. Сондай-ақ, партиядағы техникалық қиын орындалатын жерлерін, пассаждарды фразаға бөліп оқушылармен жеке дайындалады.

Оркестрде барлығын қосқан жалпы әзірлікте оқушылармен жеке дайындық сирек өткізіледі.

**Топтық дайындық** біртекті аспаптар тобының дыбыс шығару тәсілдері мен аппликатурасын, қағыстарын бірдей етіп, штрихтарын қою жұмыстары жүргізіледі. Дайындық әр топпен бөлек өткізіледі (домбыра, қобыз). Дирижер өзінің шығармашылық ойымен оқушыларды таныстырғаннан кейін ғана топтық дайындық жүргізгені дұрыс.

Оркестр топтарымен жұмыс істеу барысында динамикалық белгілерді оқушылардың естеріне түсіріп, үйретіп отыру қажет. Себебі, мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты нотаны үйрету барысында кезігетін динамикалық белгілерді үнемі құлағына құйып, қайталап отыру нәтижесінде олар естерінде сақталып, жаттанды болып қалады, ал шығарманы жаттап алған соң үйрету қиынға тиеді.

**Жалпы оркестрлік дайындық** оның барлық мүшелерінің аспапты игеру мен ансамбльде бірігіп ойнау дағдысының белгілі бір дәрежеге көтерілген кезеңінде өткізіледі. Оқушылар оркестрінің негізгі дайындық формасы – жалпы оркестрлік дайындық. Бағдарламадағы қойылатын негізгі оқу-тәрбие мақсаттары осы жалпы оркестрлік дайындық жағдайында іске асады. Мұндағы жүргізілетін жұмыстардың жүйесі мен мазмұны бағдарламаға енген концерттік оқу репертуарымен тығыз байланысты. Сондықтан да ондағы әрбір шығарманың тәрбиелік, білімділік мәні жасқа сәйкес нақтылы, кезеңдік, формалық орналасуы ғылыми-дидактикалық дәрежеде негізделуі тиіс. Жетекші бағдарламадағы көзделген жұмыс жоспары мен мақсатқа сүйенгенде ғана оның оқушыларға беретін білім мазмұнының көлемін айқындауына, дайындықты шығармашылық тұрғыда өткізуіне, пайдаланатын әдіс-тәсілдерді дер кезінде анықтауына толық мүмкіндіктер туып отырады. Оқушыларға шығарманы үйретпей тұрып ең алдымен ол жөнінде кең мағлұмат беріп, таныстырып өту керек. Мұнда автордың аты-жөні, шығарманың мазмұны, тональдығы, қарқыны, кезігетін түрлі динамикалық белгілері айтылады.

Бұл дайындықта негізінен музыкалық шығармамен алғашқы рет танысып, оны талдауға, динамикалық дыбысын реттеуге, қағыстарды, ырғақтарды, екпіндерді дұрыстауға көңіл бөлініп, шығарманы бөлімдерге бөліп немесе түгелдей жаттап, игеруге кіріседі. Аптасына бір рет бәрінің басын қосып, оркестр дайындығын өткізіп тұру керек. Көпшілікпен қосылып ойнау барысында оқушыларға көптеген кедергілер тосқауыл болады. Бұлар жаңадан қосылған түрлі аспаптардың дыбысына, ырғағына құлағын үйрету, бірін-бірі тыңдап, бәрі бір ырғақты ойнау және бір мезгілде бастап, бірдей аяқтау және т.с.с. Бірлескен дайындықтарда, әдетте, оқушыларға жаңадан қосылған тосын дыбыстар әсер етіп, олар абдырап, өз партияларын ойнай алмай

қалатын жағдайлар да жиі кездеседі. Міне, мұның бәріне оқушылардың біртіндеп қалыптасуы үшін шығарманы тактілерге бөліп, фраза бойынша үйреткен дұрыс. Әуелі әр топты жеке-жеке екі тактіден ойнатып, ондағы кезігетін штрихтармен ойнау тәсілдеріне көңіл аудартып, одан кейін әр топты екі-екіден қосып ойнату қажет. Мәселен, қобызшылар әр уақытта да дыбысты таза ала алмауына байланысты, оларға сырнайды қосып ойнатсақ, соның дыбысына еліктеп, таза алуға тырысады. Ал, сүйемел (аккомпанемент) жүргізетін аспаптарға көмекші ретінде басты қосып ойнатудың маңызы зор. Мәселен, күшті, бірінші бөлікті бас аспаптары тартса, домбырашыларға екінші мен үшінші бөлікті тарту жеңіл тиеді. Міне, сөйтіп тактілерді екіден, төрттен қосып үйрету оқушыларға жеңіл тиеді және олар шығарманы тез қабылдайды.

Келесі мәселе жалпы дайындық жоспары туралы. Әрине, жоспар, партитура терең, жан-жақты талдау жасалған соң, оркестрдің мүмкіншілігіне қарай құрылуы қажет. Ол жоспарға:

- дайындықты қалай ұйымдастыру, қандай қарқында өтуі;
- оқушылармен топтық, жалпы дайындық жүргізу (олардың саны, техникалық қиын орындалатын жерлерін анықтау, ансамбльдік тұтастықты сақтау, оқушылармен жеке сабақ өткізу);
- дайындықтың түрлері, оның ішінде әсіресе соңғы, қорытынды дайындыққа көңіл бөлу;
- шығарманың көркемдік, орындаушылық жағы;
- оркестрдегі аспаптардың құлақ бұрауын қалпына келтіріп отыру;
- партиялардың дұрыс жазылмаған жерлерін дер кезінде түзету, қате орындалған жерлерін ескерту, себептерін анықтау.

Жүйелі жасалған дайындық жоспары, оқушылардың шығарманы жылдам ұғып, түсініп, көп уақыт жоғалтпай игеруіне ықпал етеді. Тағы да айта кететін мәселе, біріншіден, оркестрдің дайындық жүргізу барысының әдістемесінің негізі – оқушылардың кәсіби дайындығына өте көп көңіл бөлінуі. Екіншіден, оркестр мүшелерінің ыңғайлы орналасуының қамтамасыз етілуі де көп мәселені шешетінін ескеруіміз керек.

Оркестр жұмысында көрнекті орын алатын мәселе – **репертуар**. Балалар халық аспаптары оркестрі жұмысының табысты болуы көбінесе репертуармен тығыз байланысты. Ол оркестр ұжымының белгілі дәрежедегі шығармашылық жетілуін анықтайды. Сондықтан жетекші оркестр репертуарын жасағанда музыкалық шығармалардың мазмұндылық, мәнерлілік жағына көбірек көңіл бөлгені жөн. Идеялық-көркемдік жағынан құнды, орындаушылар мен тыңдаушыларға қызықты репертуар жасау, оқытушының басты міндеттерінің бірі. Репертуарды іріктеуде, оқытушы, оркестрдің техникалық шеберлігінің және көркем-орындаушылық дағдылығының өсуін есте ұстағаны жөн. Тағы ескеретін мәселе, әрқашан да ұжымның мүмкіншілігін, оның сапасын, дайындық



дәрежесін ұмытпауы қажет. Ойналатын шығарманың шағын, әуені жанға жайлы, оркестр мүшелерінің қабылдауына жеңіл, ойын техникасы көп қиындық түсірмейтіндей болып келгені дұрыс. Репертуар қорында негізінен оқушыларды өз Отанын шексіз сүйуге, патриотизм мен ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелейтін жоғары сапалы шығармалар болуы тиіс. Әсіресе, қазақ халық музыкасына ерекше көңіл бөлген жөн, себебі бұл арқылы оқушылар қазақ халқының ұлттық музыкасының бай мұрасынан сусындауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, батыс классиктерінің, қазіргі композиторлардың, еліміздің және дүниежүзі халықтарының музыкалық шығармаларын ойнап үйренудің де маңызы зор.

Оркестр репертуары оқу-дайындық және көркемдік болып екіге бөлінеді. Оқу-дайындық репертуарына жататындар: гамма, арпеджио, этюдтер мен жаттығулар, қысқа ән-күйлер мен пьесалар.

Концерттік-көркемдік репертуарға жататындар: элеуметтік-қоғамдық тақырыптағы, идеялық-эстетикалық мәні жоғары қазақтың ән-күйлері мен қазіргі қазақстан композиторлары және шетел композиторларының шығармалары.

Оқушылар оркестрі түрлі аспаптық шығармаларды ойнаумен қатар, әнші, жеке, биші және хор ұжымдарын да сүйемелдеуі тиіс.

Музыкалық аспаптарда ойнауға жаңа қалыптасып келе жатқан оқушылары бар жас оркестрге мазмұны және формасы күрделі классикалық шығармаларды орындау қиынға соғады. Сондықтан оркестр мүмкіндігіне қарай көлемі шағын, әр түрлі ұлттық жеңіл күйлер мен әндерді таңдаған дұрыс. Жеңіл қолайлы шығармаларды алғаш рет өз бетімен ойнап шығу баланың өзіне деген сенімін шыңдап, аспапты меңгеруге деген құлшынысын арттырады.

Оркестрге бастапқы кезде сегіз немесе он алты тактыдан тұратын халық әндерін түсіріп ойнатқан жөн. Себебі, халық арасында көп тараған әуенді әндер, күйлер, шағын шығармалар орындаушылардың түсініп орындауына жеңіл болады. Жаңа құрылған оркестр үшін шығармаларды аспаптарға бейімдегенде, мәселен, күйлерді өндегенде, тенор-домбыраны негізге алу керек. Мысалы, халық күйлерінен «Кеңес», «Келіншек», «Айжан қыз», халық композиторларының күйлерінен Құрманғазының «Кісен ашқан», «Қызыл қайың», «Балбырауын», Динаның «Тойбастар», «Әсем қоңыр», Түркештің «Қарабас», Тәттімбеттің «Қосбасар», Дәулеткерейдің «Қос алқа», «Ысқырма» түсіруге болады. Пьесалардан мысалы, Глинканың «Польканы», Е. Брусиловскийдің «Колхоздағы той», қазақтың халық әні «Екі жиренді» т.б. лайықтаған жөн. Олардан басқа партитуралары дайын А. Жұбановтың «Би күйі», «Тәжік билері», М. Қойшыбаевтың «Жастары», Н. Тілендиевтің «Ата толғауы», С. Құсайыновтың «Мереке» және т.б. шығармаларды репертуарға алуға болады.

Сондай-ақ, жергілікті авторлардың жүрегінен шыққан шығармалар да оқушылар оркестрінің репертуарын даралайды.

### **Халық аспаптары оркестрлік класын ұйымдастыру**

Оркестрлік класты ұйымдастыру, аспаптарға бөліп отырғызу, оркестр жетекшісінің ең бір көңіл аударарлық мәселесі. Бұл жұмыс алғашқыда оңай болып көрінгенімен, мұнда үлкен мән бар. Оркестрге қатынасушыларды аспаптар бойынша орналастырғанда олардың әрқайсысының физикалық және музыкалық мүмкіндіктерін ескеру қажет. Оркестр мүшелерінің көпшілігі оркестрде өздері таңдаған аспаптық мамандығы бойынша отырғысы келетіні сөзсіз. Бірақ ол талап оркестрді құруға, қажетті аспаптарды пайдалануға кедергі жасауы ықтимал. Сол себепті, бұл жерде біріншіден, оркестрге аспаптардың үндестігіне, топтың санына қарай бөліп, екіншіден орындаушылардың қабілеті, ойнаушылық аппараты қайсы аспапқа ыңғайлы екенін ескеру қажет. Әрине, домбыра мен бас домбыраны үйретуден, қобыз, сырнай сияқты күрделілеу аспаптарды үйретуге өте көп уақыт кететіні және бұл аспаптарды көпшілік бірдей меңгере алмайтыны мәлім. Сондықтан, қобыз, сырнай аспаптарынан тәлім алатын оқушыларды өз мамандығы бойынша оркестрде отырғызып, ал, қажетті аспаптарға бөлінген оқушыларды «таңдау пәні бойынша» сабақ алуын қадағалап, аспапты тез арада игеріп алуына жәрдем жасау қажет.

Оркестрде жетекші аспаптардың бірі – прима домбыра, шертер аспаптарына домбырада ойнаушылардың ішінен, оң қолдың буыны нық, саусақтары күшті, мығым оқушыларды таңдаған дұрыс.

Ал, бас домбыра, контрабас домбыра, бас қобыз, контрабас қобыз аспаптарында әдетте қолдары ірі, саусақтары күшті, қайратты балалар ойнайды.

Дауылпаз, барабан, т.б. ұрмалы аспаптарда ойнауды ырғақ, ритмге бейімі бар, шапшаң қозғалатын оқушыларға тапсыру керек.

Оқу процесінде музыка мектептерінде практика жүзінде әр түрлі аспаптық құрамды, оның ішінде сыныптық бір топты (қобыз, домбыра, сырнай) аспаптық ансамбльдерімен, жалпы аспаптық құрамы үлкен оркестрлер болуы мүмкін.

Төменде шамамен алынған халық аспаптар оркестрлері аспаптарының орналасу таблицасы мен схемалары көрсетілген. Бұл таблица мен схемалар оркестр құрамы шамамен осылай орналасуы қажет дегенімен, әр оркестрлік кластың оқытушысы өзінің ыңғайына, аспаптық құрамына, орындаушылардың сан-сапасына қарай орналастыруына мүмкіндігі бар.

Соңғы жылдары оркестрлердің үндестік, техникалық және көркемдік мүмкіншіліктерін өсіру жолында оркестрлердің құрамына қазақтың көне ұлт- аспаптарын енгізу жолға қойлып отыр. Соның

ішінде, өте жиі қолданылатын аспаптар – қылқобыз, шаңқобыз, саз сырнай, асатаяқ, кепшік, шылдырмақ, қоңырау, т.б. Осыған орай, оркестрлердің үнінің сазды, тыңдаушыны елітіп әкететін әр түрлі аспаптардың үндері және сол аспаптарды орынды пайдалану, оркестрдің жетекшісіне, оның ізденіп, жаңалық енгіземін дейтін ниетіне байланысты.

### **Дирижер және оның оркестрмен жұмысы**

Соңғы жылдары елімізде көркемөнерпаздар ұжымдарының, оқу орындарында қазақ халық аспаптар оркестрлерінің тез қарқынмен дамып, қанат жаюы және олардың орындау шеберліктерінің артуы әуесқой ұжымдар жұмысын кәсіби шеберлігі жоғары маман жетекшілер басқару қажеттігін туындатты. Оркестр жетекшісі музыкалық сауатты, жан-жақты білімді, музыка теориясы мен тарихын жақсы меңгерген адам болуы қажет. Дирижер оркестр мүшелерін жалықпай үйретуге даяр педагог, олардың ішкі жан дүниесін ұға білетін психолог, жұмыс барысын шебер ұйымдастыра алатын ұйымдастырушы, әрі әкімші де бола білуі тиіс. Дирижер әр уақытта өзіне де өзгеге де қатаң талап қойып, оркестр мүшелеріне үлгілі болуы керек.

Әрине, көркемөнерпаздар оркестрлері жетекшілерінің бәрі де осы айтылған талапқа лайық деп тұжырымдауға болмайды. Дегенмен, әрбір жетекші өз білімінің олқы жағын толықтырып, мәдениетін өсіріп, дирижерлық техникасын одан әрі дамыта беруі қажет.

Оркестр жетекшісі әрбір жаңа шығарманы оркестр репертуарына енгізбес бұрын, оның партитурасын алдын-ала мұқият талдап, жете танысып шығуы керек. Әуелі әрбір партияны жеке-жеке фортепиано аспабында, кейіннен әр аспап бойынша топ-топқа бөліп немесе бәрін біріктіріп ойнап танысуы қажет. Егер фортепианода ойнай алмаса, өзі білетін аспапта тартып, немесе аудио, видео таспасын және басқа да мүмкіндіктерді пайдаланып, дайындыққа дейін жаңа шығарманың партитурасын басынан аяғына дейін, әрбір бөлшектерін талдап, біліп алуы керек. Оркестрдің дайындық жұмысы қызғылықты өтуі үшін жетекші әзірлікке шығармадағы әрбір аспаптар тобымен жұмыс істеу, олардың штрихтарын қойып, нюанстарын көрсету сияқты тиянақты жұмыс жоспарымен келу керек.

Оркестрмен әзірлік жұмыс жүргізуге әрбір жетекші ерекше көңіл аударғаны жөн. Әр дайындықтың мазмұнды, сапалы өтуі жетекшінің бай әдістемелік, оркестрді басқара білушілік тәжірибесіне байланысты. Оркестрмен дайындық сабақтары қызғылықты және тартымды өтуі үшін жетекшінің көптеген жағдайларға көңіл аударғаны жөн. Ең алдымен, ол сабақ басталмас бұрын ертерек келіп, әр аспапты мұқият қарап, ішек, медиатор, ысқыштарды, пульттерді, орындалатын шығармалардың партияларын тексергені жөн. Әрбір партияны партитурамен

салыстырып, штрихтық, нюанстық және ноталық қателері болса түзетуі керек. Себебі, мұндай жұмыстар оркестрдің дайындығы үстінде жасалса, көп уақыт алып, оқушылардың жұмыс істеу қабілетін төмендетіп, әзірлікке кедергі жасайды.

Дайындықты бастамас бұрын әрбір аспаптың құлақ күйін келтіріп алу керек. Ол үшін сырнай аспабының «ля» дыбысын негіз еткен жөн. Әрбір орындаушы, тенор домбыра аспаптарында ойнаушылардан басқасы, өз аспабының «ля» дыбысын осы дыбысқа келтіріп бұрауы керек. «Ля»-ны келтіріп алған соң, қалған ішектер құлақ бұрауына түсіріледі.

Тенор домбыра бірінші октаваның «соль» дыбысына келтіріліп бұралады, ал жоғары ішегі осы октаваның «ре» дыбысына түсіріледі. Оркестрдің дыбыс тазалығы құлақ күйінің жақсы келуіне байланысты болады. Сондықтан оркестр мүшелері өз аспабын құлақ бұрауына келтіріп болған соң, жетекші әрқайсысын тексеріп шыққаны жөн.

Оркестрдің әрбір дайындығы жоспарлы түрде өтуге тиіс. Ол үшін жетекші әр сабаққа айқын жоспармен келеді. Алғашқы әзірлікте әр топпен жеке дайындық өткізіп, партияларын таза ойнауына, саусақ аппликатурасына, штрихтарға жете көңіл бөлуі керек. Егер алдыңғы топпен өтілген жұмыс кезінде әрбір орындаушы өз партиясын қатесіз, тыңғылықты орындаған болса, жалпы оркестр дайындығы табысты өтері сөзсіз.

### **Оқушының өзіндік жұмысы**

Оқушының өзіндік жұмысы оқушының сыныптан тыс өзіндік дайындығын айқындайды, шығарманың мазмұнын зерттеу арқылы едәуір біліктілікке қол жеткізеді, шығармаға қатысты әдебиеттермен де таныса алады.

Оқушының өзіндік жұмысының формалары:

- 1) шығарманы талдау (формасы, стилі, үндестігі);
- 2) тоқсандық бағдарлама бойынша жүктелген шығармаларды жаттау;
- 3) күрделі ойындарға қатысты жаттығулар жасау;
- 4) арнайы музыкалық әдебиеттермен танысу;
- 5) ұнтаспалар мен бейнетаспаларды пайдалану.

### **Қазақ ұлт-аспаптар оркестріне енетін аспаптарының жалпы санының үлгісі (шамамен алғанда)**

Аспаптардың аттары	Қатысатын адамдардың саны			
	16	32	46	68
пикколо домбыра	-	-	1	1
прима домбыра - I	1	2	3	4
прима домбыра - II	1	1	2	3
альт домбыра - I	-	1	1	2
альт домбыра - II	-	1	1	1
тенор домбыра - I	4	6	8	12

тенор домбыра - II	2	4	6	10
бас домбыра - I, II	1	2	3	4
контрабас домбыра	1	1	2	2
сырнай - I	1	1	1	1
сырнай - II	-	1	1	1
сырнай - III	-	-	1	1
сырнай - IV	-	-	-	1
прима қобыз - I	2	4	6	8
прима қобыз - II	1	2	4	6
альт қобыз - I	1	1	1	2
альт қобыз - II	-	-	1	1
бас қобыз - I	1	1	2	3
бас қобыз - II	-	1	1	2
контрабас қобыз	-	1	2	3
Ұрып ойнайтын аспаптар*				
дауылпаз*				
флейта**)				
гобой **)				

\*) партитурада осы аспаптардың қайсысы болса, сол аспаптар оркестрге енгізіледі.

\*\*\*) Бұл аспаптар оркестрге эпизодтық аспаптар ретінде енгізіледі

#### Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар атауы	Сағат саны	теория	практика
1	Қазақтың музыкалық аспаптарының даму тарихы. Қазіргі кезеңдегі орындаушылық дәстүр.	2	0,5	1,5
2	Оркестрлік сыныптың мақсаты мен міндеттері және оқытудың түрлері мен әдістері.	2	1	1
3	Қазақстанда халық аспаптар оркестрі мен фольклорлық ансамбльдердің шығу тарихы. Олардың түрлері. Оркестр	2	2	

	құрамындағы аспаптардың алатын орны. Қазақстандағы қазақ ұлт аспаптар оркестрлері.			
4	Оркестр сыныбын ұйымдастыру (аспаптарға бөлу, орналастыру реттілігі, музыкалық аспаптардың, оркестрдің құлақ күйін келтіру).	2		2
5	Қол мен саусақтардың аспапта дұрыс қойылуы. Мәнерлі дыбыс шығару тәсілдері. Позицияны игеру.	6	2	4
6	Гамма, арпеджио (екі октавада). Штрихтар: стаккато, нон легато, легато.	2	0,5	1,5
7	Аспапта ойнау техникасының шеберлігін жетілдіру (жаттығу, этюд, гаммалар).	6	1	5
8	Оркестрде ойнай білу дағдысы. Дирижерлық схема. Оның көптеген шартты белгілері. Шығарманың басталуы, аяқталуы. 2/4, 3/4, 4/4 өлшеміндегі дирижердың қол қимылын түсіну.	2	0,5	1,5
9	Оркестрдің құлақ бұрауының тазалығы және аспаптарда сапалы дыбыс шығаруға жұмыстану.	2	0,5	1,5

10	Шығарманы бір уақытта бастап, бір уақытта аяқтау дағдысын дамыту.	2	0,5	1,5
11	Дыбыс шығарудағы біркезеңділік, нотаның ұзақтығын дәл ұстау, желісін, ырғағын сақтау, қағысын жаңылыстырмау.	2	0,5	1,5
12	Такті алдындағы кіріспе. Фермато. Пауза. Дирижердің оң және сол қол функцияларын ажырату.	2	0,5	1,5
13	Оркестр фактурасын естіп, ажырата білуге үйрету (мелодия, аккомпанемент, бас)	2	0,5	1,5
14	Оркестрмен жұмыс жүргізудегі негізгі әдіс-тәсілдер.	2	0,5	1,5
15	Шығармада көрсетілген автордың нұсқауы мен дирижердың талаптарын орындау жұмыстары.	3	1	2
16	Шығарманың көркемдік жағын аша білу жұмысы. Сол қолдың атқаратын қызметін түсіну.	2	0,5	1,5
17	Стаккато, легато және нон легатоны көрсетудегі дирижердың қол қимылын түсіну.	2	0,5	1,5
18	Ансамбль мен оркестрде ойнау дағдысын жетілдіру.	4		4

19	Нотаны өздігінен және бірден ойнау дағдысын дамыту.	4		4
20	Жеке, топтық дайындық және жалпы оркестрлік дайындық жүргізу әдісі.	6		6
21	Оркестрдегі аспаптардың тембрлік ерекшеліктерін білу, топтардың дыбысты бірдей тепе-теңдікте сақтап ойнауын және жаңа қағыс түрлерін игеру.	6		6
22	Оркестр құрамындағы аспаптардың топтық үндестігі. Оркестр дыбыс теңдігін сақтап, ансамбльдік тәжірибесін үйрену мен шыңдау. Шығарманың соңын бірдей ойнап бітіруді игеру.	6		6
23	Дыбыс тазалығымен жұмысты жалғастыру. Оркестр топтары мен аспаптарының партияларын жеке талдап, ойнату. Орындаушылық тәсілдерінің шарттары мен динамикалық белгілерін, ырғағы мен екпінінің дұрыс орындалуын меңгеру.	6		6
24	Дыбысты біртіндеп күшейтіп, азайтуды меңгеру.	1		1
25	Әр түрлі сипаттағы шығармалардың музыкасын тыңдап, танысу.	2	2	



26	Әр түрлі сипаттағы 2-3 музыкалық шығарманы, түрлі екпінде орындау.	2		2
27	Дирижердың екпінді біртіндеп жылдамдату және тежеу тәсілдерін түсініп, орындау.	1	0,5	0,5
28	Жай екпіннен жылдам екпінге, немесе жылдам екпіннен жай екпінге бірте-бірте өту жұмыстарын игеру.	1	0,5	0,5
29	«Пиано»-дан «форта»-ға, «пианиссимо»-дан, «фортесимо»-ға, «форте»-ден, «пианиссимо»-ға ауысу тәсілдерін орындау.	2	0,5	1,5
30	Оқыту және концерт беру жұмыстарын жоспарлау.	2	2	
31	Оркестрге арналған «өте жай» және «өте жылдам» екпіндегі немесе күрделі, ауыспалы өлшемдегі шығармаларды дирижерлаудағы жетекшінің қол қимылын түсініп, орындау.	2	0,5	1,5
32	Екпіннің кенеттен өзгеруін және дыбыс күшінің кенеттен алмасуларын (сфорцандо, субитопьяно т.б.) дирижердың қол қимылы арқылы түсініп, орындау дағдысын меңгеру.	2	0,5	1,5
33	Тыңдау арқылы мелодияны,			

	аккомпанементті, басты естіп, қадағалау қабілетін жетілдіру.	3	0,5	2,5
34	Оркестрдің жеке орындаушыларды (аспаптық, әндік) сүйемелдеуімен орындалатын және күрделі концерттік шығармаларды орындау тәсілдері.	4		4
35	Оқушылардың оркестр мен ансамбльде ойнау қабілеттерін одан әрі жетілдіру.	4		4
36	Шығармалардың жеке партияларымен оқушылардың дайындық жұмысы және оны кідірмей оқуы.	4		4
37	Музыкалық шығарманың жанры мен формасы туралы түсінік.	2	2	
38	Бүкіл оркестрдің фразировкасын ажыратып игеру.	2	0,5	1,5
39	Шығарманы бірден оқып ойнау дағдысын жетілдіру.	4		4
40	Музыкалық шығармамен оқушыларды өзбетімен жұмыс істеуге үйрету жолдары.	6		6
	<b>Жылдық сағат саны:</b>	<b>119</b>	<b>22</b>	<b>97</b>

### Сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер

**Бірінші оқу жылы жалпы пәнді игеру нәтижесінде білім алушылар біледі:**

- қазіргі заман музыкант-орындаушыға қойылатын кәсіби талаптарды;

***істей алады:***

- концерттік орындаушылық қызметтің аясында алған білімін қолдану;

***дағдылары қалыптасады:***

- ансамбльдік-оркестрлік репертуарды концерттік орындау;
- әр түрлі музыкалық шығармаларды орындау интерпретациясы;
- кәсіби музыкалық терминологияны игеру;

***құзыретті:***

- шығармашылық тұлғасын дамыту;
- кәсіби орындаушылық машығына;
- оқытушылық, концерттік және ұйымдастыру-тәрбиелік қызметіне.

**Екінші оқу жылы кәсіби пәнді игеру нәтижесінде білім алушылар:**

***біледі:***

- қазақ музыка мәдениетінің негізгі тарихи кезеңдерін;
- қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің құрылымы және реконструкция тарихы туралы;
- аспаптардың тембрлік мінездемесін;

***істей алады:***

- өз партиясын барлық көрсеткіштермен қоса орындай алады;
- ансамбльдің ырғақтық дәлдігін және динамиканың тепе-теңдігін қадағалау;
- оркестрде ойнау барысында теориялық және тәжірибелік білімін қолдану;

***дағдылары қалыптасады:***

- партиямен жұмыс істеу;
- ансамбльдік және оркестрлік орындаушылық;

***құзыретті:***

- орындалатын шығарманың техникалық және көркемдік құралдарын таңдай білу;
- оркестр музыканттарының әртістік кейпі;
- орындаушы оркестранттың кәсіби терминологиясы.

**Үшінші оқу жылы мамандандырылған пәнді игеру нәтижесінде білім алушылар:**

***біледі:***

- оркестрдің құрамы;
- оркестр топтарының орындаушылық ерекшеліктерін;

- дирижердың қол қимылын;
- дайындық барысындағы технология туралы;
- жалпы оркестр репертуарын;

***істей алады:***

- нотаны бірден оқу;
- өзін және оркестрдегі басқа да аспаптардың дыбыстарын есту;
- өз партиясын барлық көрсеткіштермен қоса орындай алу;
- музыкалық мәнерлеу құралдарын тәжірибеде пайдалану;
- дирижердың көркемдік талаптарға пайдаланатын қол қимылдарын түсіру және орындау;
- оркестр әртісі ретінде өнерін көрсету;

***дағдылары қалыптасады:***

- нота текстін жылдам оқу;
- оркестр құрамындағы топт ар бірлестігін;
- оркестрде шығарманы мәнерлі орындау.

### **Бақылау формасы**

«Оркестр класы» пәні 1 және 4 тоқсан аралығында оқытылады. Әр тоқсанның соңында оқушының үлгіріміне байланысты қорытынды баға қойылады. Оқушының үлгерімдік бағасы оркестрде ойнау қабілетіне, орындау мәнеріне, техникалық қиындықтарды игере білу дәрежесіне байланысты бағаланады. Төмендегі бақылау формасымен жүргізіледі:

- тоқсан соңында кластық концерт өткізу;
- оқу жылының бірінші жартыжылдығында академиялық концерт өткізу;
- екі аптада бір рет жеке партия тапсыру;
- 3-сыныптан бастап үшінші тоқсанның басында коллоквиум өткізу;
- жылына бір рет музыкалық тест өткізу;
- мелодияны есту, есту арқылы теріп ойнау, транспонирование, аккомпаномент жасау сияқты шығармашылық жұмыс жүргізу;
- 5-сынып оқушыларының бітіру емтиханы;
- 7-сынып оқушыларының колледжге түсуге дайындығын тексеру үшін профессионалдық тест.

Бағдарламадағы талаптар мен бағалау өлшемдері бақылау формасының негізінде музыка мектебінің оқу меңгерушісінің және әдістемелік кеңестің бекітуімен іске асады.

### **Коллоквиум тақырыбының жобасы**

1. Шығарма және оның авторы (композитор) туралы мәлімет.
2. Шығарманың стильдік ерекшелігін анықтау.
3. Шығарманың жанры (би, өңдеген халық әні, пьеса оркестрге лайықталған аспаптық шығарма).

4. Пішіні (формасы) өлшемі тональдігі.
5. Екпіні, штрихтары динамикасы.
6. Шығарманың сипаты (характері).

#### **Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары**

Бұл бағдарламаны іске асыру үшін техникалық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілуі қажет:

1. Іші кең, жарық, жылы, акустикасы тұрақты бөлме;
2. Оркестрге қажетті музыкалық аспаптар;
3. Пипитор;
4. Техникалық құрал (CD және DVD);
5. Партитура, нота дәптері, класс журналы.

## Қорытынды

Адамның ішкі әлемінің көрінісі болып табылатын музыка өнерінен туындаған сезімді түсінбейтін халық тарихта жоқ. Сондықтан да елімізде мектеп партасынан бастап музыкалық білім беруді дамыту стратегиясын қолға алу өте маңызды. Музыка өнері өзінің өмірге бейімдегіш сипатымен және қалыптасқан дәстүрлерімен адамдарға әрқашан мейірімділік сыйлайды және барлық уақытта да қуаныш пен шабыттың қайнар көзі болып табылды.

Рухани және кәсіби мүмкіндіктерді дамытуды есепке ала отырып, балалардың шығармашылық қабілетін ашуға және жүзеге асыруға бағытталған және заманауи білім беру талаптарынына сәйкес келетін *«Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі»* пәні бағдарламасын құруға осының бәрі себепші болды.

Бұл бағдарлама әрбір оқытушының оқушыларға қоршаған әлемнің бейнелі-дыбыстық жағын қабылдап, жаңалықтар ашуына жол береді. Музыкалық сауаттылық саласы бойынша алған білім, сонымен қатар үнемі даму үстіндегі музыкалық фрагменттердің ноталық мәтінін оқи білу өнері оқушыларға үйлесімді ойнау тәжірибесін береді және әрбір сабақта халық музыкасының, еуропалық музыка классиктерінің шығармаларындағы анықтылық пен мазмұндылық құралдарын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Балалар музыка мектептерінде арнайы аспаптар сабағында өткен музыкалық материалдарды көркемдік жағынан дәл келтіру, оларды орындаудағы анықтылық музыкаға деген саналы қатынасты көрсетеді.

Бағдарлама ұсынған шығармашылық-практикалық тапсырмалардың көп қырлылығының арқасында оқытушы мен оқушының бірлесе жұмыс істеу өнері сан қырлы болып жатыр, ал, тіпті ең нашар оқушының шығармашылық жұмысы осы бағдарламаның нәтижелілігінің жақсы көрсеткіші болып табылады.

Осы ұсынып отырған бағдарлама оркестр класын ұйымдастырып, онымен жұмыс жасау үшін, өз таңдаушысының жүрегінен ерекше орын алады деп сенеміз.

**Қазақ ұлт-аспаптар оркестріне арналған  
оқулық және концерттік репертуар  
(Шамамен алынған )**

**I. Қазақтың халық ән-күйлері**

**Әндер**

Абай көк  
Ағажан Ләтипа  
Ақ баян  
Алатау  
Алқоңыр  
Ақ дариға  
Ахау бикем  
Әй-әй бөпем  
Әпитөк  
Әуілдек  
Бипыл  
Бір бала  
Дайди-дау  
Ей-ей, көкем  
Елім-ай  
Илигай  
Қара торғай  
Қамажай  
Ләйлім шырақ  
Маусымжан  
Наз қоңыр  
Сұрша қыз  
Үкілім-ай  
Шилі өзен  
Харарау  
Япур-ай

**Күйлер**

Айжан қыз	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Арғынғазы	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Беласар	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Боз жорға	Оркестрге түсірген Қ.Кипиев
Ботакөз	
Жастар биі	Оркестрге түсірген Қ.Кипиев
Желдірме	
Кеңес	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Кеңес	Оркестрге түсірген А.Әмірбекова

Кеңес	Оркестрге түсірген А.Мырзабеков
Келіншек	
Кербез қыз	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Қара жорға	Оркестрге түсірген Е.Үсенов
Қоңыр	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Қос айырған	
Сары өзен	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Сал күрең	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Тел қоңыр	Оркестрге түсірген А.Мырзабеков
Тепең көк	Оркестрге түсірген А.Жайымов
Тепең көк	Оркестрге түсірген И.Тамарин
Тел күрең	Оркестрге түсірген С.Байжұманов
Тойға шашу	Оркестрге түсірген С.Байжұманов

## II. Қазақ халық композиторларының шығармалары

### Әндер

Абай	Көзімнің қарасы	
	Айттым сәлем	
	Қаламқас	
Ақан-сері	Әудем жер	
Жаяу Мұса	Ақ сиса	
	Көгершін	
	Шорманға	
	Шолпан	
Біржан	Жанбота	
Майра	Майра	
И.Нүсіпбаев	Дос болайық	Оркестрге түсірген
	бәріміз.	С.Байжұманов
А.Жайымов	Наурыз біздің	Оркестрге түсірген С.Ахметова
	әніміз.	

### Күйлер

Абай	Тор жорға.	Оркестрге түсірген Т.Ізтаев
Әлікей	Қоңырала	
Дәулеткерей	Көрұғлы	
	Қос алқа (1-түрі)	
	Қос алқа (2-түрі)	
	Ысқырма	
	Құдаша	Орк. түсірген Ш.Қажығалиев
	Құдаша	Орк. түсірген Ж.Нәжімеденов
	Қыз Ақжелең	
	Желдірме	



Дина	Ақжелең	
	Топан	
	Әсем қоңыр	Орк. түсірген Ш.Қажығалиев
	Өттің дәурен	Орк. түсірген Ж.Нәжімеденов
	Қазақстанға 30	Орк.түсірген Қ.Кипиев
	жыл	
	Той бастар	
	8-март	
	16-жыл	
	Жеңіс	
Құрманғазы	Балбырауын	
	Кісен ашқан	
	Адай	
	Қызыл қайың –	
	серпер	
	Қапы	Оркестрге түсірген Қ.Кипиев
	Сарыарқа	
	Алатау	
	Қайран шешем	Орк.түсірген Ш.Қажығалиев
	Қызыл қайың	
	Саранжап	Орк. түсірген А.Жайымов
	Ақсақ киік	
	Түрмеден қашқан	
	Кішкентай	
	Көбік шашқан	
Аман бол шешем		
аман бол		
Боз шолақ		
Перовский марш		
Ақбай		
Қазанғап	Учитель	
	Шыныаяқ	Орк.түсірген Ж.Темірғалиев
	Құс қайтару	Орк.түсірген Ж.Темірғалиев
Қожеке	Ақ толқын	Орк. түсірген Е.Үсенов
	Махамбет	Орк. түсірген А.Жайымов
Раздық	Жайық асу	Орк. түсірген А.Жайымов
	Салкүрең	Орк.түсірген А.Мырзабеков
Сейтек	Арман	
	Бес қыз	
	Заман – ай	
	Сексен ер	
	Ортпа	Орк.түсірген Қ.Кипиев
	Марш	

Сүгір	Той бастар	Орк.түсірген С.Ахметова
	Той бастар	Орк.түсірген С.Байжұманов
	Боз інген	Орк.түсірген А.Мырзабеков
	Кертолғау	Орк.түсірген А.Мырзабеков
	Бес жорға	
Тәттімбет	Ыңғай төк	
	Қосбасар (1 түрі)	Орк. түсірген Ш.Қажығалиев
	Қосбасар (1 түрі)	Орк.түсірген А.Мырзабеков
	Қосбасар (5 түрі)	
	Былқылдақ	Орк. түсірген Ш.Қажығалиев
Тоқа	Сылқылдақ	
	Көкейкесті	Орк.түсірген А.Мырзабеков
	Балбырауын	
	Саржайлау	
	Түркеш	Қарабас
Ықылас	Көңіл ашар	
	Ерден күйі	
Әренжан	Қазан күйі	
	Шалқыма	

### **III. Қазақстан композиторларының күйлері және оркестрлік шығармалары**

А.Жұбанов	№1 Тәжік биі	
	Би күйі	
Е.Брусиловский	Алты қаз	
	Би	
	Желдірме	
А.Затаевич	Қазақ маршы	
М.Қойшыбаев	Қызыл құм	
	Жастар	
	Өмір гүлі	Орк.түсірген Қ.Кипиев
Х.Тастанов	Би	
	Тыңға аттану	
	Алтай аясында	
Н. Тілендиев	Ата толғауы	
	Әлқиса	
	Көш керуен	
	Аңсау	
	Мұрагер	
	Қилы кезең	
	Бауырластарым	

К.Күмісбеков	Аманат Фараби сазы Өмір жолы Балалар биі	
Қ.Ахмедияров	Алтын ұя	Орк.түсірген Ш.Асқаров
М.Хамзин	Қос басар	Орк.түсірген А.Мырзабеков
Т.Момбеков	Боз інген Мың жылқы	
С.Хусайынов	Мереке	
Ә.Желдібаев	Ерке сылқым	
Т.Ізтаев	Фантазия	
М.Тналин	Тың сазы	
С.Тұрысбеков	Көңіл толқыны Ақ жауын	
Ж.Еңсепов	Әке толғауы	
Исламбек	Күрішшілер	Орк.түсірген Ш.Асқаров
С.Аубакиров	Өрлеу	Орк.түсірген Н.Молдабекова

### Шет ел композиторларының шығармалары

Русские народные песни	Ах, ты душечка	
	Вижу чудное приволье У зари-то, у зоренки	Орк.түсірген Қ.Кипиев
	Вдоль по улице метелица метет	
В.Темнов	Кнопочки баянные	Орк.түсірген Қ.Кипиев
И.Брамс	№5 Венгер биі	
М.Огинский	Полонез	
И.Штраус	Персидский марш	
	Полька – пиццикато	
Ф.Шуберт	Вечерняя серенада	
	Музыкальные моменты	
М.Глинка	Полька	

## Қазақ ұлт аспаптарының негізгі оқулық, әдебиеттері және оркестрге арналған партитуралары

1. А.Жұбанов. Музыкадағы алғашқы адым.-А.,1962.
2. Х.Тастанов. Домбыра оркестрін қалай ұйымдастыру керек.- А.,1989.
3. Б.Сарыбаев. Қазақтың музыкалық аспаптары.-А.,1978.
4. У.Бекенов. Аспаптану.-А.,1989.
5. Б.Ерзакович. У истоков казахского музыкознания.-А.,1972.
6. С.Байжұманов. Халық аспаптар оркестрін ұйымдастыру.-А.,1995.
7. М.Жарқынбеков. Қазақтың халық аспаптар оркестрі.- Шымкент.,1985.
8. Т.Ізтаев. Қазақ ұлт-аспаптар оркестрін ұйымдастыру.- Шымкент.,1986.
9. Т.Ізтаев. Оркестрмен практикалық жұмыс.-А.,1989.
10. Т.Ізтаев. Музыкалық аспаптарды тану, музыкалық аспаптарға бөлу және шығарманы қазақ ұлт аспаптар оркестріне лайықтап түсіру курсына арналған методикалық нұсқаулар.-Алматы.,1991.
11. Ж.Бегендіков. Халық оркестрін ұйымдастыру және жетекшілік ету.-А.,1992.
12. О.Бейсенбекұлы. Сазды аспаптар сыры.-А.,1994.
13. Ө.Спанов, Ж.Сарсембеков. Оқушылардың халық аспаптар оркестрі.-А.,1988.
14. В.Розанов. Инструментоведение.-Москва.,1981.
15. А.Каргин. Работа с самодеятельным оркестром русских народных инструментов.-М.,1982.
16. М.Балтабаев. Фольклор және вокальды аспаптық ансамбльдер.- А.,1989.
17. Т.Ізтаев, Ө.Ғұбайдуллин. Методические рекомендации по организации оркестрового класса.-А.,1978.
18. Т.Ізтаев. Оркестр класы./ Оқу бағдарламасы/-А.,1992.
19. Н.Калинин, В. Подуровский. Практические советы руководителям самодеятельных оркестров и ансамблей народных инструментов. Москва.,-1979.
20. Ш.Қажығалиев. Серпер./ Партитуралар / -А.,1983.
21. Ш.Қажығалиев. Қосбасар./ Партитуралар/-А.,1984.
22. К.Күмісбеков. Дала сыры / Партитуралар/-А.,1982.
23. К.Күмісбеков. Шалқыма. / Партитуралар /-А.,1983.
24. К.Күмісбеков. Достық мерекесі. / Партитуралар /-А.,1987
25. А.Мырзабеков. Қоңырқаз. / Партитуралар /-А.,1983.
26. А.Мырзабеков. Көкейкесті. / Партитуралар/-А.,1988.
27. Н.Тілендиев. Жеңіс салтанаты. / Партитуралар/-А.,1980.
28. Н.Тілендиев. Ата толғауы. 1-том. / Партитуралар/- А.,2005.

29. Н.Тілендиев. Көш керуен. 2-том. / Партиуралар/- А.,2005.
30. Е.Үсенов. Бозінген. / Партиуралар/-А.,1989.
31. Қ.Төлен. Телқоңыр. / Партиуралар/-А.,2009.
32. Ж.Нәжімеденов. Қарлығаш. /Партиуралар /-А.,2006.
33. Қ.Кипиев. Қазақстан: сазгерлер әуені мен ырғақтары көне музыка аспаптарында. /Партиуралар/-Атырау, 2002.

### **Пайдалануға ұсынылатын қосымша оқулық және әдебиеттер**

1. Л.Хамиди, Б.Ғизатов. Домбыра үйрену мектебі.-А.,1961.
2. А.Жұбанов. Ән-күй сапары.-А.,1976.
3. А.Жұбанов. Ғасырлар пернесі.-А.,1975.
4. А.Жұбанов. Замана бұлбұлдары.-А.,1975
5. А.Жұбанов. Құрманғазы.-А.,1978.
6. Б.Ғизатов. От кюя до симфонии.-1976.
7. М.Құлкенов. Шашақты найза, шалқар күй./Республикалық махамбет қоры/-А.,2004.
8. С.Өжкенов. Атырау өнер өлкесі.-А.,1983.
9. Г.Головинский, М.Ройтерштейн. Книга о музыке.-М.,1988.
10. Г.Садуахасова, Р.Латифуллина, А.Касымова. Өнер ордасы.- Атырау.,2008.
11. П.Говорушко. Методика обучения игре на народных инструментах.-Ленинград.,1975.
12. Т.Жұмалиева, Д.Ахметбекова, Б.Ысқақов, Ә.Қарамендина, З.Қоспақов. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы.-А.,2005.
13. Д.Мүсіров. Мереке.-А.,1993.
14. Қ.Ахмедияров. Атырау күйлер жинағы.-Атырау.,1994.
15. Қ.Ахмедияров. Табыну. -А.,2001.
16. М.Ахметова, Б.Ерзакович, А.Жұбанов. Советтік қазақ музыкасы.-А.,1974.
17. Дина.Әсем қоңыр. Құрастырушы Қ.Ахмедияров-А.,1991.
18. Дәулеткерей Шығаев. Күйлер. Құрастырған А.Жұбанов.- А.,1960.
19. Б.Ерзакович, З.Қоспақов. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы.-А.,1986.
20. А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы. Күй-керуені.-А.,1997.
21. А.Жайымов,С.Бүркітов, Б.Ысқақов. Домбыра үйрену мектебі.- А.,1995.
22. Есірдің күйлері. Құрастырған Ғ.Ахмедияров.-А.,1997.
23. А.Затаевич. 1000 песен казахского народа (песни и кюи).- М.,1963.
24. А.Мухамбетова. Инструментальная музыка казахского народа.- А.,1985.
25. Қазанғап. Ақжелең. Құрастырған А.Райымбергенов.-А.,1984.

26. Қазақ халқының аспап музыкасы. Құрастырған З.Жанұзақова.- А.,1964.
27. Қазақтың музыкалық фольклоры. –А.1982.
28. Н.Будашкин. Народные музыкальные инструменты.-М.,1961.
29. Л.Хамиди, Х.Тастанов. Дирижерлық негіздері.-А.,1980.
30. А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақов. Домбыра үйрену мектебі.- А.,1992.
31. Г.Гаранян.Аранжировка для эстрадных и вокально-инструментальных ансамблей-М.1979
32. К.Ошлаков. Школа игры на баяне.-А.,1960.
33. Т.Жаубасова. Ән-күй аспаптары.-А.,2001.
34. М.Ысқақбай, Д.Ботбаев. Байсерке күйші.-А.,2003.
35. Қ.Ахмедияров. Өтемісұлы Махамбет. Шашақты найза шалқар күй.-А.,1982.
36. У.Бекенов.Шертпе күй шеберлері.-А.,1977.
37. Ж.Иманалиев,М.Айтқалиев. Қаратау шертпелері.-А.,1975.
38. Қ.Мұхитов. Домбыраға арналған пьесалар.-А.,1980.
39. Д.Тезекбаев.Қобыз үйрену мектебі.-А.,1980.
40. Н.Агафонников.-Симфоническая партитура.-1981.
41. Н.Будашкин. Русские народные инструменты.-М.,1969.
42. Г.Вильковир. Практический курс инструментровки для духового оркестра.-М.,1963.
43. Т.Ізтаев,Ө.Ғұбайдуллин. Методические рекомендации по организации оркестрового класса.-А, РУМК по высшему образованию, 1978.
44. М.Жарқынбеков. Ғасырлар үні.- Ш., 1986.
45. М.Жарқынбеков. Елімай.- А.,1987.
46. Е.Максимов. Оркестры и ансамбли русских народных инструментов.- М., 1983.

# «Жетіген»

**Құрастырғандар:** З. Серғазықызы, Қ. Тиязұлы (Нарынқол ауылы).

Үлгілік оқу бағдарламасы Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді.

«Жетіген» балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған үлгілік оқу бағдарламасына қосымша білім беру ұйымдарының ерекшелігін ескере отырып, толықтырулар мен өзгертулер енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

## Кіріспе

Қазақ халқының көне аспаптарының біріне жататын жетіген аспабы. Бұл аспап бүгінгі күнге дейін әліде болса зерттеліп, зерделенбеген аспаптар қатарында, бірді – екілі адамдардың өз бетінше түзеп, ойнауымен шектеліп келеді. Аспап көне тарих қойнауынан жоғалмай келген жәдігер екені даусыз. Алайда оны тереңінен зерттеу қажеттілігі туындайды, ол ақиқат. Бұл аспапты музыка зерттеуші, професор Б.Сарыбаев өзінше жетілдіріп, бүгінгі күн талабына сай үн беріп, дыбыс қосып, асық орнына тиек қойып, жарты тондық үлгіде құлақ күйін келтірді. Онымен бұл аспап жетіліп кетті деуге болмас. Ойнау жағынан өте шеберлікті қажет ететін болғандықтан, әр ішегі бір дыбысқа бұралатындықтан, аспапты кез келген музыкант ойнап кете алмайды. Оның жасалуы қандай қарапайым болсада, ойнауға келгенде өте шеберлікті қажетсінетіні даусыз.

Аспап көнеде жеті шектен тұрған болса, оның диапазоны өте тар, сондықтан тек музыкалық шығармаларды әрлеу үшін қосымша аспап ретінде ғана пайдалануға болады дер едік. Қазақтың жетігеніне ұқсас аспаптарды Ресейдің аз санды ұлттарынан /Сібірліктер/, Карейлерден, Манғолдардан көруге болады. Олар ол аспаппен өздеріне тиеселі саздарын ойнап жатады, дегенмен олардың да мүмкіндігі шектеулі екені көрініп тұрады, олардың ойнау үлгісі бөлекше.

Осы жетіген аспабын өз қолыммен жасап, бұрауын өзгертіп, Б.Сарыбаев ағамыздың ізімен бүгінгі күн талабына орай жетілдіруге тырыстық. Диапазонын домбыра аспабына теңгердік, көлемін үлкейттік, жеті ішек орнына 14 ішек тақтық. Б.Сарыбаев ағамыздың жылжымалы тиектерін қолдана отырып, ортасына бір тиек қою арқылы жеті шектен 14 дыбыс алдық. Ал 14 шектен 28 дыбыс пайда болды. Формасын өзгерттік, оюладық, аяқ жасадық, орын тақ жасадық. Барлық бөлімін тек шырша /қарағай дейміз- ель, немесе елка, бізде өте көп өседі/ ағашынан жасадық- үні азда болса ұлғайды ғой деп ойлаймыз. Көп жылдық жұмыстың нәтижесі жетіген домбырамен диапазоны жағынан теңесті, үні қоюланды. Соның өзінде ойнауға келгенде қиындық туғызып шеберлікті қажетсінеді.

Ендігі жерде бұл аспабымызды өмірге ендіру қиындығы. Біріншіден, аспапты кең тарату үшін ол көп жасалуы тиіс, екіншіден, оның бағасы қолжетімді болуы тиіс, үшіншіден музыка мектептерінде оқытылуы керек. Алдымызда осы үш кедергі тұр. Дегенмен талпынып көруді мақсат еттік, артын болашақ көрсетер. Бұл аспап еліміз егемендік алған жылдан бастап, ансамбльдер құрамында қосымша аспап ретінде қолдалынып келеді. Елбасы Н.Назарбаевтың тікелей қолдауымен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қолға алына бастады. Түбі бір ұлттар арасында бірікен концерттер, фестивальдар, конференциялар,



дөңгелек столдар өткізіліп келеді. Қазақ ұлтының өзіне тән аспаптары оның өткен тарихын бүгінгі күнге жеткізген тарихи жәдігер екені даусыз, сондықтан қандай аспабымыз болмасын оны қадірлеп, жетілдіріп, дамытып болашақ ұрпаққа тапсыру біздің парызымыз. Осы орайда аз да болса үлесімізді қоссақ деген мақсатта осы істі қолға алып, осы бағдарламаны, оқулықты құрастырдық. Алайда алғаш басталар істің кемшілігі болары табиғи құбылыс, осыған орай кемшіні болса алдын ала кешірім сұраймыз.

Бұл жетігеннің 14 ішегі ортаңғы тиек арқылы екі жақта да дыбыстар береді.

*1 - ішектің сол жағы –*

*Ре дыбысы кіші октава, оң жағы Ми –дыбысы;*

*2 - ішектің сол жағы -*

*Ре# дыбысы кіші октава, оң жағы Фа – дыбысы;*

*3 - ішектің сол жағы -*

*Соль дыбысы кіші октава, оң жағы Ля – дыбысы;*

*4 - ішектің сол жағы –*

*Соль# дыбысы кіші октава, оң жағы Ля# -дыбысы;*

*5 - ішектің сол жағы –*

*Си дыбысы кіші октава, оң жағы До# -дыбысы;*

*6 - ішектің сол жағы –*

*До дыбысы бірінші октава, оң жағы Ре –дыбысы;*

*7 - ішектің сол жағы –*

*До# дыбысы бірінші октава, оң жағы Ре# -дыбысы;*

*8 - ішектің сол жағы –*

*Ми дыбысы бірінші октава, оң жағы Фа# - дыбысы;*

*9 - ішектің сол жағы –*

*Фа дыбысы бірінші октава, оң жағы Соль - дыбысы;*

*10 - ішектің сол жағы*

*Фа# дыбысы бірінші октава, оң жағы соль#-дыбысы*

*11 - ішектің сол жағы*

*Ля дыбысы бірінші октава, оң жағы Си –дыбысы;*

*12 - ішектің сол жағы*

*Ля# дыбысы бірінші октава, оң жағы До# – дыбысы;*

*13 - ішектің сол жағы*

*До дыбысы екінші октава, оң жағы Ре дыбысы;*

*14 - ішектің сол жағы*

*До# дыбысы екінші октава, оң жағы Ре# -дыбысы.*

Бұл бұрау ғылыми жағынан дұрыс па, тиімді ме, негізінен жарамды ма ол жағын, ғалымдардың еншісіне қалдырып, осы бойынша жетігенді ойнап, үйретіп көрелік.

Алғаш дыбыс қатары бойынша гамма ойнап көрелік:

Ре - минор: Ре, ми, фа, соль, ля, сиБ, до, ре, ми, фа, соль, ля, сиБ до, ре;

Міне екі октавалы гамма ойнадық, осы дыбыс қатарын толықтай ортанғы тиектің қай жағына орналасқанын мүлтіксіз жаттап алу керек. Яғни, сол қол бармағымен – ре, оң қол бармақпен - ми, оң қол 1-саусақ-фа, сол қол 1-саусақ-соль, оң қол 2- саусақ –ля, оң қол 3-саусақ –сиБ, сол қол 3-саусақ –до, оң қол бармақ –ре, сол қол бармақ- фа, сол қол 1-саусақ ми, оң қол 1-саусақ-соль, сол қол 2- саусақ –ля, сол қол 3-саусақ –си Б, сол қол 2-саусақ –до, оң қол 2-саусақ -ре:т.с.с. Енді осыны нота жазуында, З.Серғазықызы «Жетіген үйрену мектебі» оқулығында берілген /6 бет/ дыбыс қатарын ,аккорд, арпеджиоларды ойнап көрелік онда нота үстінде саусақ белгілері көрсетілген. Келесіде жоғарыда аталған кітаптағы /10-11 беттер/ 1- 5 жаттығуларды ойнатамыз. Енді осы аталған оқулықтағы таныс Б.Ғизатовтың «Анамызға мың алғыс», «До-ре-ми» әнін ойнап көрелік, бұл шығармалар ойнауға жеңіл сондықтан алғаш жаттығу ретінде алынды, ары қарай жоғарыда аталған оқулық бойынша оқыту ұсынылады.

Ендігі кезеңде шәкіртке нота сауатын үйрете отырып, жетігенде жоғарыдағыдай түрлі жаттығулар, әндер, күй үзінділерін ойнату, этюдтер гаммалар, арпеджиолар ойнауға дағдыландыру.

Нота сауатына шәкіртті жан-жақты дайындай отырып, ойнау шеберлігін жетілдіру, теория мен практиканы ұштастыру ерекше назарда болуы тиіс. Бұл аспапты үйренм деген шікірттің саусақтарының салалы болғаны, музыкалық қабілеті жоғары болғаны дұрыс.

### **Шәкірттің жеке оқу жоспары**

Ұстаз шәкірттердің жеке жоспарын жасағанда әр шәкірттің жеке қабілеті ескеріліп, оның ынта-жігері, ізденушілігі ерекше ескерілуі тиіс. Ол орта мектепте жақсы оқуы тиіс. Екі орындаушылық дәстүрді де қолдану керек/ жеке ойнау, фортепианоның жетемелеуі мен/, ол баланың шеберлігін жетілдіре түседі. Шәкірттің ойнау шеберлігін жетілдіру үшін түрлі мінездегі, орындау жағынан қиындық тудыратын шығармаларды да, сонымен бірге әртүрлі этюдтердің де алатын орны ерекше екенін естен шығармау абзал.

Шәкірттер түрлі штрихтар қолданылатын шығармаларды еркін меңгеру кезінде сол ерекшеліктерге ыңғайластырылған шығармаларды жеке бағдарламаға бала қабілетін ескере отырып, оның кемсін жағына ерекше назар аударған жақсы, алайда бала қабілеті жақсы екен деп үстемелеп беріп, немесе орташа деңгейді ғана ұстап, олардың ынтасын тежеу де дұрыс болмайды.

### **Мамандық класы сабағы**

Мамандық класы сабағы оқу- тәрбие жұмысы болғандықтан сабақты шығармашылықпен, тартымды, әсерлі ұйымдастырып, әдістемелік оқыту тәсілдерін сабақ үстінде орнымен қолданып, әсемдік тәрбие әдістерін жетілдіріп отырған орынды. Үйретілетін шығармаларды оқытушы өзі ғана ойнап көрсете бермей, компьютер арқылы тыңдатып отыру да өз жемісін береді. Бұл жерде шәкірт біріншіден ырғақтық ерекшеліктердің тура үлгісін сезінсе, екіншіден компьютерге сол шығарманы жазып дағдыланады, әрі өзі жеке партиясын немесе партитурасын шығарып алуына болады. Сабақты сол шығарманы талдаудан, тарихымен таныстырудан бастаған орынды.

Сабақ барысында тек бір шығармамен шектелмей негізгі шығармаға лайықталған этюд, гамма, арпеджио ойнатып отырған тиімді. Баланың үйге берілген тапсырмасын тексергенде, бөлмей қате жерін тыңдап болған соң ойнап көрсету арқылы түзеген орынды. Әсемдік талғамды ұштау, сұлулықты түсіне білу, елінің патриоты екенін сезіну, аспапты терең меңгерту сабақтың негізгі талабы болуы тиіс.

### **Нотаны бірден оқып, ойнау**

Арнаулы мамандық сыныбында шәкіртті нотаны бірден оқуға дағдыландыру ерекше орын алады. Ол үшін шәкірті шығарманы өз бетінше талдай алуға баулып, нота жазуындағы түрлі белгілердің ерекшеліктерін сезініп, бінеше такті алдағы ерекшеліктерді ажырата отырып, мәтінді іштей ести біліп, өзінің ішкі сезімін дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу керек. Ол үшін шәкірт шығарманы алдымен жәй екіпінде кідіріссіз орындауға дағдыланып, бірте-бірте шығарманы барлық болмысымен орындауға машықтануы керек.

### **Шәкіртің көпшілік алдында өнер көрсетуі**

Шәкіртің көпшілік алдына шығып өнер көрсетуі біріншіден өзінің орындау шеберлігіне сын болса, екінші жағынан жеке жауапкершілігін арттырады. Шәкіртің өнер көрсететін күні тым шаршамағаны абзал, сондай-ақ ол сахнаға шығар алдында ескертпелер жасап абыржытпау керек. Шәкіртің өнер көрсетуі тек өзінің шеберлігін шыңдау ғана емес, сонымен бірге сазгерді және олардың шығармаларын жұртшылық арасында кеңінен насихаттау екенін де ұмытпаған жөн.

## **I – сынып.**

Бірінші оқу жылында шәкірт 4-5 ән мәтінін, 5-6 этюд мәтінін, күйлерден үзінділер, толық 1-2 күй үйренуі тиіс. Оған қоса шәкірт гаммалар, арпеджиолар, түрлі аккордтар ойнауға машықтануы тиіс.

### ***Шәкірт алғашқы сынақта:***

Бір этюд, әр түрлі қиындықтағы екі ән мәтінін, бір гамма ойнауы тиіс.

*Үлгі тапсырма:* а/ 1. Б. Ғизатов «Анамызға мың алғыс»

2. Халық әні «Жаз жыры»

3. Х. Тастанов «Этюд»

4. Ре – мажор гамм

б/ 1. Халық әні «Желбір жекен»

2. И. Нүсіпбаев «Жас дәуірдің түлегіміз»

3. Х. Тастанов «Этюд»

4. Ля- минор

### ***Шәкіртке мына төмендегі шығармаларды үйрету ұсынылады:***

- З. Серғазықызы «Жетіген үйрену мектебі- 1- 6 жаттығулар.
- Б. Ғизатов «Анамызға мың алғыс»
- Б. Ғизатов «Балдырғандар маршы»
- Халық әні «Жаз жыры»
- С. Медеубеков, Б. Мүптекеев «Жетісу әуендері» Алматы «Өнер» 1998 ж.
- Халық әні «Дәурен – ай»  
«Желбір жекен»  
«Бес кәмпит»  
«Дедім ай-ау»  
«Алатау»  
«Ауылыңды-ай»  
«Бесік жыры» III- түрі.  
«Жүрген жерім үш Қақпақ»  
«Тойбастар» I – түрі  
«Тойбастар» IV- түрі
- Д. Назарбаева «Менің елім» Алматы 2000 ж.
- Қ. Байғабылов «Үш мерке»
- Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен «Қазақ күйлерінің тарихы» Алматы 2000 ж. Халық күйі «Кербез қыз», «Бозінген», «Мұңды қыз»
- Е. Үсенов «Тәттімбет» Алматы «Өнер» 1988 ж.
- Тәттімбет «Қосбасар», «Сылқылдақ», «Секіртпе»
- Б. Ғизатов, Л. Хамиди «Домбыра үйрену мектебі» Алматы «Өнер» 1983 ж.
- Х. Тастанов «Этюд- 1», «Этюд -2»

- Қ. Мерембаев «Домбыраға арналған педогогикалық репертуар» Алматы «Өнер» 1987ж.
- И. Беркович «Этюд »
- Ю. Шишаков «Этюд »
- В. Глейхман «Этюд 1-2»
- Б. Ғизатов «Мектеп вальсі»
- Абай «Желсіз түнде жарық ай»
- И. Нүсіпбаев «Біз осылай өсеміз»
- А. Жұбанов «Бейбітшілік жыры»
- Халық күйі «Тел күрең»

## **II - сынып**

Шәкірттер екінші оқу жылы 5-6 ән немесе шығарма, 4-5 этюд, 4-5 күй үйренуі тиіс. Сонымен бірге гаммалар мен арпеджио ойнауды жалғастыру. Мелодиялық, гармониялық интервалдарды менгеруі қажет.

*Қысқы тыңдаудың үлгі жоспар:*

- a / 1. Халық әні «Дайдидау»
2. Халық әні «Екі жирен»
3. Халық күйі «Арман»

*Ойнау шеберлігін көрсету үлгі жоспары:*

1. Б. Ғизатов «Этюд 5»
2. Х. Тастанов «Этюд -5»
3. Гамма, арпеджио.

*Жыл аяғында ойналатын шығармалар:*

1. Халық әні «Жайдарман»
2. Халық күйі «Кеңес»
3. Халық әні «Дайдидау»

*Жыл бойы үйренуге ұсынылатын шығармалар:*

- С. Медеубекұлы, Б. Мүптекеев «Жетісу әуендері» Алматы «Өнер» 1998ж.
- Халық әні «Әй-әй, бөпем»
  - «Ахахау, айдой-ай»
  - «Әй-әй, бөпем»
  - «Ай, бұлбұл»
  - «Үрия-ай»
  - «Әләлім, әләлім-ай»
  - «Ауылыңды –ай»
  - «Ілік-ай, сәулем, ілік-айдай»
  - «Абай, күнім-ай»
  - «Құрбылас сыртыңнан»
  - «Ахау, иғай, қоңыржай»

- Х. Тілемісов «Ауыл кеші көңілді» Қазақ әндер жинағы» Алматы «Қайнар» баспасы 1985 ж. толықтырылып төртінші рет басылуы.
- Халық әні «Ақбақай»  
«Япыр-ай»  
«Жайдарман»  
«Маусымжан»  
«Сәулемай»  
«Қара торғай»  
«Алқоңыр»  
«Илиг-ай»  
«Қарағым-ай»
- Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен «Қазақ күйлерінің тарихы» Алматы «Өнер» 2000 ж.
- Халық күйі «Телқоңыр»  
«Көк дөнен»  
«Арман»  
«Құр ойнақ»  
«Аққу»
- Е. Үсенов «Тәттімбет» Алматы «Өнер» 1988 ж.
- Тәттімбет «Молқара»
- Б. Қаракұлов «Асыл мұра» Алматы «Өнер» 1981 ж.
- Халық күйі «Құланның тарпуы»
- Ә. Толғанбаев «Скрипка үйрнеу мектебі» Алматы «Жалын» 1978 ж.
- Халық әні «Ғайни»
- Дәулеткерей «Қос алқа» -анс амбль, I,II – скрипка партияларын алып үйретуге болады.
- Б. Ғизатов, Л. Хамиди «Домбыра үйрену мектебі» Алматы «Өнер» 1983ж.
- «Этюд 8-10»
- Қ. Мерембаев Домбыраға арналған педогогикалық репертуар» Алматы «Өнер»1987 ж.
- Б. Ғизатов «Этюд 5-7»
- С. Луканюк «Этюд»
- Д. Назарбаева «Елім менің» Алматы 2000 ж.

### **III – сынып**

Шәкірттер үшінші оқу жылында 8-9 халық әндерін, 4-5 этюд, 5-6 күй үйренулері тиіс. 4-5 түрлі қиындықтағы шығармаларды менгеріп, арпеджио, гамма, аккордтар ойнауды күрделендіруі тиіс.

Жетемелеумен орындалатын шығармаларды, түрлі техникалық қиындықтағы шығармаларды оқыту бағдарламасына енгізу, әрі оның жемісін көру оқытушының шеберлігінің, білімділігінің, ізденімпаздығының көрсеткіші.

*Қысқы тыңдаудың үлгі жоспары:*

1. Халық әні «Гүлдерайым»
2. Халық әні « Бипыл»
3. Дәулеткерей «Қосалқа»

*Ойнау шеберлігін көрсету үлгі жоспары:*

1. Б. Физатов «Этюд-7»
2. Х. Тастанов «Этюд -10»
3. Гама, арпеджио.

*Жыл аяғында ойналатын шығармалар:*

1. Халық әні «Қарағым-ай»
2. Халық күйі «Кұр ойнақ»
3. Тәттімбет «Молқара»

*Жыл ішінде үйретуге ұсынылатын шығармалар:*

- Қ. Мерембаев «Домбыраға арналған педагогикалық репертуар» Алматы «Өнер» 1987 ж.
- Ыбырай «Гэкку»
- А. Доргамыжский «Казачок»/Биші бала/
- Е. Брусиловский «Қыз арманы»
- Н. Тілендиев «Кұстар әні»
- И. С. Бах «Менуэт»
- «Гавот»
- Ақансері «Ләйлім»
- С. Луканюк «Этюд»
- Ыбырай « Гэкку»
- А. Байтұрсынов «Аққұм»
- Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен «Қазақ күйлерінің тарихы» Алматы «Өнер» 2000 ж.
- Халық күйі «Көк дөнен» I – түрі.
- Е. Үсенов «Тәттімбет» Алматы «Өнер» 1988 ж.
- Тәттімбет «Қосбасар» VI - түрі
- Асанқайғы «Ел айырылған»
- Байжігіт «Келіншек»
- Бейсенбай «Кеңес»
- Әшімтай «Қоңыр қаз»

- Сүгір «Кертолғау»
- Әбди «Қосбасар»
- Т. Момбеков «Өрлеу»
- Тәттімбет «Саржайлау»
- Т. Мерғалиев «Домбыра сазы» Алматы «Ғылым» 1972 ж.
- М. Мерхадин «Аққу»
- Сейтек «Бес қыз»
- Қ. Мұхитов, Қ. Досымжанов «Домбыраға арналған хрестоматия» Алматы «Өнер» 1985 ж.
- Халық әні «Сәкулем-ай»
- Ақансерә «Қараторғай»
- Орыс халық әні «Ах вы, сени, мои сени»
- У. Бекенов «Шертпе күйлер» Алматы «Жалын» 1977 ж.
- Тәттімбет «Бес төре»
- Сүгір «Тоғыз тарау»
- С. Медеубекұлы, Б. Мүптекеев «Жетісу әуендері» Алматы «Өнер» 1998ж.
- Халық әні «Абай, күнім-ай»
  - «Қарағым- ай»
  - «Ахау, иғой, қоңыржай»
  - «Ақ көйлек, көңіл жай»
  - «Дедім –ай-ау»
  - «Құрбым-ай»
  - «Бүлдірген»
  - «Беу, айдай»
  - «Дей салдым-ай»
  - «Бүлдірген»
  - «Қалқа бала»
  - «Ой, сәулем-ай»
  - «Той базар»
  - «Угәй-әй»
  - «Дүние-ай»
- Х. Тілемісов «Қазақ әндері» Алматы «Қайнар» 1985 ж.
  - «Гүлдерайым»
  - «Бипыл»
  - «Еркем-ай»
  - «Илигай»
  - «Абай көк»
  - «Арман –ай»
  - «Әй-әй, бөпем»
- Абай «Көзімнің қарасы»
  - «Қараңғы түнде тау ұалғып»



- Ақан сері «Маңмаңгер»
- Мұхит «Жайма қоңыр»  
«Айнамакөз»
- А. Жұбанов «Қарлығаш»  
«Жыр жазамын жүрегімнен»
- Н. Тлендиев «Кұстар қайтып барады»  
«Саржайлау»
- М. Омаров «Қазақы дастарқаным»
- Ш. Қалдаяқов «Сыр сұлуы»  
«Арыс жағасында»
- Е. Хасанғалиев «Анаға сәлем»
- Х. Тастанов «Домбыра үйрену мектебі» Алматы  
«Жазушы» 1966 ж.
- Орыс халық әні «Ай, жаным, үйге қайтыңыз» - ансамбль
- А. Жайымов, С. Бүркітов, Б. Ысқақов «Домбыра үйрену  
мектебі» Алматы «Өнер» 1992 ж.
- М. Аубакиров «Наркескен» ансамбль
- Х. Тастанов «Этюд»
- Д. Мүсіров «Мереке» Алматы «Өнер» 1993 ж.
- Е. Үсенов «Қосбасар»  
«Айтыс күй»
- Д. Назарбаева «Менің елім» Алматы 2000 ж.
- Б. Тілеухан «Менің елім»

**Жетіген үйрену мектебі оқулығын және бағдарламасын жасауда  
пайдаланылған және оны қолданушыларға ұсынылатын  
материалдар:**

1. Б. Ғизатов, Л. Хамиди «Домбыра үйрену мектебі». Алматы «Өнер» 1983 ж.
2. Қ. Мерембаев «Домбыраға арналған педагогикалық репертуар» Алматы «Өнер» 1987 ж.
3. Х. Тастанов «Домбыра үйрену мектебі» Алматы «Жазушы» 1966 ж.
4. А. Жайымов, С. Бүркітов, Б. Ысқақов «Домбыра үйрену мектебі» Алматы «Өнер» 1992 ж.
5. С. Медеубеков, Б. Мүптекеев «Жетісу әуендері» Алматы «Өнер» 1998 ж.
6. З. Серғазықызы «Жетіген үйрену мектебі» Нарынқол 2005 ж.
7. Д. Назарбаева «Менің елім» Алматы 2000 ж.
8. Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен «Қазақ күйлерінің тарихы» Алматы 2000 ж.
9. Е. Үсенов «Тәттімбет» Алматы «Өнер» 1988 ж.
10. Х. Тілемісов «Ауыл кеші көңілді» Алматы «Қайнар» 1985 ж.
11. Б. Қарақұлов «Асыл мұра» Алматы «Өнер» 1981 ж.
12. Ә. Толғанбаев «Скрипка үйрену мектебі» Алматы «Жалын» 1978 ж.
13. Қ. Мұхитов, Қ. Досымжанов «Домбыраға арналған хрестоматия» Алматы «Өнер» 1985 ж.
14. У. Бекенов «Шертпе күйлер» Алматы «Жалын» 1977 ж.
15. Д. Мүсіров «Мереке» Алматы «Өнер» 1993 ж.
16. Б. Сарыбаев «Қазақ музыка аспаптары» Алматы «Жалын» 1978 ж.
17. Ө. Спанов, Ж. Сәрсенбенов «Музыка және жалпы білім беретін мектептердегі халақ аспаптар оркестрі, ансамбльдер үйірмелері мен кластарына арналған бағдарлама» Алматы 1989 ж.
18. У. Бекенов «Жеті жылдық балалар музыка мектебіне арналған домбыра тенор класының оқу программасы» Алматы 1982 ж.
19. С. Бүркітов, Б. Ысқақов, Т. Шүкіров «Балалар музыка мектебінің домбыра – тенор класына арналған программа». Алматы 1986 ж.